Сондай-ақ «қызмет бабында өсу мүмкіндігі» көрсеткіші бойынша айырмашылық анықталды ($F=4,36$; $p=0,0048$). Ұзақ уақыт жұмыс істеген педагогтер мансаптық өсу мүмкіндігін төмен бағалайды. «Жақсы жұмыс үшін мойындалу» көрсеткіші бойынша да статистикалық мәнді айырмашылық байқалды ($F=4,20$; $p=0,006$): тәжірибелі қызметкерлер өз еңбегінің жеткілікті деңгейде бағаланбайтынын сезінеді. Ал басқа көрсеткіштер бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнге жеткен жоқ ($p>0,05$), яғни еңбек өтіліне байланысты елеулі ерекшеліктер анықталмады.

Нәтижелер еңбек өтілі артқан сайын педагогтердің кәсіби қанағаттануының төмендеу тенденциясын көрсетті. Әсіресе ұзақ жыл еңбек еткен педагогтер кәсіби өсу мүмкіндігінің шектеулігін, ұйымдық әділдіктің жеткіліксіздігін және еңбектің жеткілікті деңгейде бағаланбайтынын атап көрсетті.

Кесте 2

Қызметкерлердің еңбек өтіліне байланысты жалпы жұмысқа қанағаттану деңгейі

Көрсеткіш	1жылға дейін	1–3жыл	3–5жыл	5 жылдан жоғары
Қоғамдағы мәртебе	4,13	3,98	3,81	3,67
Арұждан мен үйлесімділік	4,2	4,07	4,07	3,85
Ертеңгі күніне сенімділік	3,98	3,94	3,7	3,61
Жауапкершілік талап ету	3,98	4	3,83	3,6
Қабілеттерін іске асыру	4,25	4,13	3,95	3,86
Ішкі саясат	4	3,74	3,67	3,59
Қызмет бабында өсу	4,05	3,91	3,75	3,63
Жақсы жұмыс үшін мойындау	4	3,89	3,71	3,56
Өз жетістіктеріне қанағаттану	4,25	3,91	4	3,83

Қызметкерлердің еңбек өтіліне байланысты жалпы жұмысқа қанағаттану деңгейін талдау нәтижелері педагогтердің кәсіби тәжірибесі артқан сайын еңбекке қанағаттанудың бірқатар компоненттері төмендейтінін көрсетті. Зерттеу мәліметтері бойынша еңбек өтілі 1 жылға дейінгі қызметкерлерде жұмысқа қанағаттанудың барлық дерлік көрсеткіштері жоғары деңгейде байқалады. Бұл олардың мамандыққа деген бастапқы қызығушылығының, кәсіби мотивациясының және болашаққа деген оң көзқарасының жоғары болуымен түсіндіріледі.

«Қоғамдағы мәртебе» көрсеткіші бойынша еңбек өтілі 1 жылға дейінгі қызметкерлердің орташа көрсеткіші – 4,13 баллды құраса, 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар қызметкерлерде бұл көрсеткіш 3,67 баллға дейін төмендеген. Бұл тәжірибе артқан сайын педагогтердің мамандықтың қоғамдағы беделіне қатысты сыни көзқарасы күшейетінін білдіреді. Ұзақ уақыт жұмыс істеген мамандар кәсіби еңбектің әлеуметтік бағалануы күткен деңгейде емес деп қабылдауы мүмкін.

«Ар-ұжданмен үйлесімділік» көрсеткіші бойынша да ұқсас үрдіс байқалды: 1 жылға дейінгі қызметкерлерде көрсеткіш 4,2 балл болса, 5 жылдан жоғары еңбек өтілі барларда 3,85 баллды құрады. Бұл педагогтердің кәсіби қызмет барысында эмоционалдық жүктеменің артуына, формализмнің көбеюіне және кәсіби құндылықтардың өзгеруіне байланысты болуы ықтимал.

«Ертеңгі күніне сенімділік» көрсеткіші де еңбек өтілі ұлғайған сайын төмендеген. Атап айтқанда, еңбек жолын жаңа бастаған қызметкерлерде бұл көрсеткіш 3,98 балл болса, тәжірибелі педагогтерде 3,61 баллды құрады. Бұл жағдай білім беру жүйесіндегі өзгерістерге, цифрландыру талаптарына, кәсіби жүктеменің өсуіне және еңбек тұрақтылығына қатысты алаңдаушылықтың күшеюіне байланысты болуы мүмкін.

«Жауапкершілік талап ету» көрсеткіші бойынша 1–3 жыл еңбек өтілі бар қызметкерлерде ең жоғары мән байқалды (4,0 балл). Ал 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагогтерде бұл көрсеткіш 3,6 баллға дейін төмендеген. Мұндай өзгеріс тәжірибелі қызметкерлердің ұйым ішіндегі басқару жүйесіне немесе әріптестік қатынастарға қатысты талаптарының өзгеруімен түсіндіріледі.

«Қабілеттерін іске асыру» көрсеткіші барлық топтар ішінде салыстырмалы түрде жоғары болғанымен, еңбек өтілі артқан сайын төмендеу үрдісі байқалды. 1 жылға дейінгі қызметкерлерде бұл көрсеткіш 4,25 баллды құраса, 5 жылдан жоғары еңбек өтілі барларда 3,86 балл болды. Бұл тәжірибелі педагогтердің кәсіби әлеуетін толық жүзеге асыруға мүмкіндік жеткіліксіз деп бағалайтынын көрсетеді.

«Ішкі саясат» көрсеткіші де төмендеу динамикасын көрсетті: 1 жылға дейінгі қызметкерлерде – 4,0 балл, ал 5 жылдан жоғары еңбек өтілі барларда – 3,59 балл. Бұл ұйымның басқару жүйесіне, әкімшілік шешімдерге және ішкі коммуникацияларға қатысты тәжірибелі қызметкерлердің сыни бағасының жоғары екенін білдіреді.


«Қызмет бабында өсу» көрсеткіші бойынша да еңбек өтілі артқан сайын төмендеу байқалды. Жаңадан жұмысқа орналасқан қызметкерлерде бұл көрсеткіш 4,05 балл болса, 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар педагогтерде 3,63 баллды құрады. Бұл жағдай ұзақ уақыт қызмет еткен мамандардың мансаптық даму мүмкіндіктерін шектеулі деп қабылдауымен түсіндіріледі.

«Жақсы жұмыс үшін мойындау» көрсеткіші бойынша да ұқсас үрдіс анықталды: еңбек өтілі 1 жылға дейінгі қызметкерлерде көрсеткіш 4,0 балл болса, тәжірибелі педагогтерде 3,56 баллға дейін төмендеген. Бұл тәжірибелі қызметкерлердің өз еңбегі мен жетістіктерінің жеткілікті деңгейде бағаланбайтынын сезінуімен байланысты болуы мүмкін.

«Өз жетістіктеріне қанағаттану» көрсеткіші бойынша ең жоғары мән 1 жылға дейінгі қызметкерлерде байқалды (4,25 балл). 3–5 жыл еңбек өтілі бар топта бұл көрсеткіш біршама жоғарылағанымен (4,0 балл), 5 жылдан жоғары еңбек өтілі бар қызметкерлерде қайтадан төмендеген (3,83 балл). Бұл кәсіби мотивацияның белгілі бір кезеңде тұрақтанғанымен, ұзақ мерзімді еңбек қызметі барысында эмоционалдық шаршау мен кәсіби күйзелістің әсер етуі мүмкін екенін көрсетеді.

Жалпы алғанда, зерттеу нәтижелері еңбек өтілі артқан сайын педагогтердің еңбекке қанағаттану деңгейінің біртіндеп төмендеу үрдісін көрсетті. Әсіресе кәсіби өсу, мойындалу, әлеуметтік мәртебе және болашаққа сенімділік көрсеткіштері бойынша айырмашылықтар айқын байқалды. Бұл білім беру ұйымдарында тәжірибелі педагогтерді қолдауға бағытталған мотивациялық бағдарламаларды, кәсіби дамыту мүмкіндіктерін және психологиялық қолдау тетіктерін жетілдіру қажеттігін көрсетеді.

Сапалық интерпретация көрсеткендей, ұйымдағы тәжірибелі қызметкерлер көбіне шектеулі өсу мүмкіндігі мен ішкі әділдік тапшылығын сезінеді. Олардың мотивациясы сыртқы стимулдан гөрі моральдық мойындау мен мағыналы жұмысқа бағытталғанымен, бұл аспектілердің жеткіліксіздігі қанағаттануды төмендетеді.



Сурет 1. Еңбек өтіліне қарай айтарлықтай айырмашылығы бар жұмыс қанағаттану көрсеткіштері ($p < 0.05$, 9 көрсеткіш)

Қай топтар арасында айырмашылық бар екенін нақтылау үшін Бонферрони әдісі қолданылды. Маңызды айырмашылықтардың барлығы дерлік 1-топ (өтілі аз) пен 4-топ (өтілі көп) арасынан анықталды.

Кесте 3

Бонферрони әдісі арқылы анықталған маңызды айырмашылықтардың көрсеткіштері

Көрсеткіш	Орташа айырмашылық (1-4)	p	Түсіндірме
Қоғамдағы мәртебе	0.462	0.002	Жаңа қызметкерлер өз жұмысын қоғамда беделді деп санайды
Ар-ұжданмен әрекет ету	0.348	0.013	Ұзақ жұмыс істегендердің моральдық қанағаттануы төмен
Басқалардың жауапкершілігі	0.379	0.016	Тәжірибелілер бақылау мүмкіндігін аз көреді
Қабілеттерін іске асыру	0.388	0.003	Өтілі аздар көбірек өзін іске асыра алады деп есептейді
Ішкі саясатпен қанағаттану	0.405	0.025	Ұйым саясатына сенім азаяды
Қызмет бабында өсу	0.417	0.007	Тәжірибелілер мансаптық шектеуді сезінеді
Жақсы жұмыс үшін мойындау	0.433	0.013	Ұзақ жұмыс істейтіндер еңбегінің бағаланбағанын айтады
Өзжетістіктеріне қанағаттану	0.412	0.003	Өз табысына разылық азаяды

Жұмыс өтілі қызметкерлердің қанағаттану деңгейіне елеулі әсер етеді. Еңбек өтілі көп болған сайын – жұмысқа деген қанағаттану азаяды. Зерттеу нәтижесінде алынған көрсеткіштерді салыстыру барысында мәнді өзгерістер мына салаларда айқын байқалады:

- моральдық және рухани қанағат сезімінде;
- өзін-өзі дамыту мен қабілеттерін іске асыруда;
- мансаптық өсу мүмкіндігінде;
- ұйым саясатына сенім мен әділдік сезімінде;

Бонферрони әдісі бойынша ең айқын айырмашылықтар еңбек өтілі аз және еңбек өтілі жоғары топтар арасында анықталды. Бұл кәсіби қызметтің ұзақ мерзімді кезеңінде эмоционалдық шаршау мен мотивациялық әлсіреудің күшейетінін көрсетеді.

Жалпы алғанда, басшы мен ұжымдағы қатынастарға байланысты көрсеткіштер (мысалы, «Басшы қатынасы», «Әріптестер қарым-қатынасы») жұмыс өтіліне айтарлықтай тәуелді болмаған, яғни ұйымдағы аралық өзара қарым-қатынас тұрақты сипатта екенін дәлелдейді. Бұл ұжым мәдениетінің орнықтылығын білдіреді.

Зерттеу нәтижелері еңбек өтілі мен жұмысқа қанағаттану арасында кері пропорционалды қатынас бар екенін нақты көрсетті. Қызметкерлердің жалпы қанағаттануы жоғары болғанымен, уақыт өте олар мотивациялық және моральдық тұрғыдан төмендеу процесін бастан кешіреді. Еңбек өтілінің артуы ұйымдағы тұрақтылықты арттырғанымен, оның мотивациялық әлеуетін төмендетуі мүмкін; сондықтан іскерлік мойындау, этикалық мәдениет және кәсіби жаңару механизмдері үздіксіз жұмыс істеуі қажет.

Қорытынды

Алынған нәтижелер халықаралық зерттеулермен сәйкес келеді. Герцберг теориясына сәйкес (Herzberg, 1959), кәсіби мойындалу мен өсу мүмкіндігінің төмендеуі қызметкерлердің ішкі мотивациясының әлсіреуіне алып келеді.

Сонымен қатар, зерттеу нәтижелері цифрлық білім беру жағдайында педагогтердің эмоционалдық ресурстарына түсетін жүктеменің артқанын көрсетеді. Бұл жағдай кәсіби күйіп кету қаупін жоғарылатып, еңбекке қанағаттану деңгейінің төмендеуіне ықпал етеді.

Педагогтердің кәсіби қанағаттануын сақтау үшін ұйымдық қолдау, әділ ынталандыру жүйесі және үздіксіз кәсіби даму мүмкіндіктері маңызды факторлар болып табылады.

Зерттеу нәтижелері жоғары оқу орны педагогтерінің еңбек өтілі мен кәсіби қанағаттану деңгейі арасында кері байланыс бар екенін көрсетті. Еңбек өтілі артқан сайын мансаптық өсу, кәсіби мойындалу және өзін-өзі жүзеге асыру көрсеткіштері төмендейді.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы педагогтердің еңбекке қанағаттануына әсер ететін факторларды цифрландыру жағдайында кешенді түрде талдауымен сипатталады.

Практикалық маңыздылығы жоғары оқу орындарында педагогтердің кәсіби әл-ауқатын қолдауға бағытталған HR-стратегияларды әзірлеу мүмкіндігімен анықталады.

Зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, келесі практикалық ұсыныстар берілді:

Тәжірибелі қызметкерлердің мотивациясын қолдау бағдарламаларын енгізу;

Кәсіби даму мүмкіндіктерін кеңейту және моральдық марапаттау жүйесін күшейту (құрмет, алғыс, ішкі бедел);

Кәсіби мойындалу жүйесін жетілдіру немесе жаңа рөлдер беру арқылы өзін-өзі іске асыруды ынталандыру;

Эмоциялық күйді және қанағаттану деңгейін тұрақты түрде бағалап отыру.

Қаржыландыру:

Бұл зерттеу Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің 2025–2027 жылдарға арналған ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық жобаларды гранттық қаржыландыру конкурсы аясында AP26103089 «Білім беруді цифрландыру жағдайында педагогтердің еңбекке қанағаттануы мен студенттерді оқытудың табыстылығының өзара байланысы» жобасы бойынша жүзеге асырылды.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың қосқан үлесі

Дыбыс Аманкелдиевна Жансерикова – мақаланың кіріспесі мен негізгі тұжырымдамасын әзірлеу, зерттеу материалдарын жинақтау және жүйелеу, әдістемелерді түсіндіру, нәтижелерін жинау, талдауға үлес қосты.

Роза Тогайовна Алимбаева – жұмыстың концепциясына елеулі үлес қосты, оның мазмұнын сыни тұрғыдан қарады және зерттеу барысында жиналған мәліметтердің дұрыстығына, мақаланың бөліктерінің тұтастығына қатысты сұрақтарды тексерді.

Антон Викторович Панченко – эмпирикалық деректер жинау, тақырыпқа сәйкес әдістемелер бойынша сауалнамалар жүргізу, алынған мәліметтерге сапалық және сандық талдау, нәтижелерді талқылауға қатысты.

Раушан Ержановна Садыканова – әдебиет көздеріне шолу жасау, эмпирикалық деректер жинау және рәсімдеу, тақырыпқа сәйкес әдістемелер бойынша сауалнамалар жүргізу, нәтижелерді талқылауға қатысты.

Әдебиеттер тізімі

- Demir-Yildiz, C. (2023). Unveiling job satisfaction of teachers through a blend of quantitative and qualitative approaches. *Sustainability*, 15(18), 13986. <https://doi.org/10.3390/su151813986>
- Eryilmaz, N., Demir, A., & Kaya, F. (2025). Teacher job satisfaction: International evidence on the role of school working conditions. *International Journal of Educational Research*, 129, 102456. <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2025.102456>
- Herzberg, F., Mausner, B., & Snyderman, B. (1959). *The motivation to work*. Wiley.
- Ker, H.-W., Lee, Y.-H., & Ho, Sh.-M. (2023). The impact of work environment and teacher attributes on teacher job satisfaction. *Education Process: International Journal*, 12(3), 45–59. <https://doi.org/10.22521/edupij.2023.123.4>
- Locke, E. A. (1976). The nature and causes of job satisfaction. In M. D. Dunnette (Ed.), *Handbook of industrial and organizational psychology* (pp. 1297–1349). Rand McNally.
- Maslow, A. H. (1954). *Motivation and personality*. Harper & Row.
- Spector, P. E. (1997). *Job satisfaction: Application, assessment, causes, and consequences*. Sage Publications.
- Ахмадиева, Л. Р. (2025). Удовлетворенность трудом у преподавателей вузов с разными мотивами профессиональной деятельности. *Вестник МГЛУ. Образование и педагогические науки*, 4(857), 106–112.
- Есенова, Н. А. (2021). Еңбек қанағаттану факторлары: әлеуметтік-экономикалық және психологиялық аспектілер. *Қоғам және тұлға*, 2, 32–38.
- Әбдіқалықова, М., & Аяғанова, А. (2023). Қызметкерлерді ынталандыру – қызмет тиімділігін арттыру құралы. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Социология сериясы*, 3(144), 285–295. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-285-295>
- Кереева, Р. Д., & Байжуманова, Б. Ш. (2025). Инклюзивті білім беру аясында мектеп педагогтерінің кәсіби бірегейлігі мен еңбекке қанағаттануының өзара байланысын зерттеу. *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Психология»*, 4(85), 361–371. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.85.4.031>
- Семенихин, В. В., & Семенихина, С. Ф. (2024). Ключевые компетенции педагога в эпоху цифровизации образования. *Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы*, 1(146), 38–57. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-37-57>
- Толымбекова, Д., & Кабакова, М. (2022). Эмпирическое исследование удовлетворенности трудом как фактора повышения мотивации сотрудников. *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Психология»*, 2(71), 277–283. <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.19%20%20>
- Хусаинова, Г. Р., & Жақыпов, Б. Т. (2020). Қызметкерлердің мотивациясы мен ұйымдық мінез-құлық арасындағы байланыс. *ҚР Психология және педагогика журналдары*, 3, 45–55.

Д.А.Жансерикова^{*1}, Р.Т.Алимбаева², А.В.Панченко³, Р.Е. Садыканова⁴

^{1,2,3,4}Қарагандинский национальный исследовательский университет
имени Е.А.Букетова, Караганда, Казахстан

Дисперсионный анализ психологических особенностей удовлетворённости трудом и профессиональной деятельностью преподавателей высших учебных заведений

Аннотация. В статье трудовой стаж педагогов высших учебных заведений, участвовавших в исследовании, рассматривается как важный фактор. Общий трудовой стаж отражает опыт, квалификацию и отношение педагогов к профессиональной деятельности. Результаты исследования показали, что с увеличением трудового стажа наблюдаются определённые различия в уровне удовлетворённости трудом и профессиональной деятельностью педагогов. Это подтверждает, что профессиональный опыт играет важную роль в формировании уверенности в работе, мотивации и психологического благополучия педагогов. Таким образом, общий трудовой стаж является одним из ключевых показателей, определяющих профессиональное развитие педагогов и их удовлетворённость профессиональной деятельностью.

Основным психологическим инструментом, использованным в нашем исследовании, стала сокращённая версия Миннесотского опросника удовлетворённости трудом (MSQ), позволяющая более индивидуализированно оценить уровень удовлетворённости сотрудников по сравнению с ранее применявшимися общими или приблизительными показателями оценки. Для понимания данных различий полезным является измерение удовлетворённости конкретными аспектами рабочей среды.

Исследование позволило выявить наличие индивидуальных различий в профессиональных потребностях сотрудников в зависимости от их трудового стажа, связанных с такими показателями, как возможность достижения определённого статуса в обществе, возможность действовать в соответствии с совестью, уверенность в завтрашнем дне, возможность требовать ответственности от других, реализация собственных способностей, карьерный рост и признание за качественно выполненную работу.

Цель данной статьи заключается в определении уровня удовлетворённости трудом и профессиональной деятельностью педагогов высших учебных заведений в условиях цифровизации образования с учётом их трудового стажа, а также в оценке влияния основных факторов рабочей среды на данный показатель. Для достижения поставленной цели были определены следующие задачи: выявить уровень удовлетворённости педагогов трудом; определить основные факторы, влияющие на удовлетворённость профессиональной деятельностью; проанализировать различные аспекты рабочей среды, включая условия труда, организационную поддержку, взаимоотношения с коллегами и возможности профессионального развития; оценить различия между различными группами с помощью метода дисперсионного анализа.

Результаты научного исследования были определены на основе дисперсионного анализа, что позволило выявить значимые различия и закономерности в уровне удовлетворённости педагогов. Полученные данные могут стать основой для принятия эффективных управленческих решений в образовательных организациях и разработки рекомендаций, направленных на повышение профессиональной удовлетворённости педагогов.

Ключевые слова: педагог, уровень удовлетворённости трудом, профессиональная деятельность, трудовой стаж, рабочая среда, дисперсионный анализ, метод Бонферрони

D. Zhanserikova^{*1}, R. Alimbayeva², A. Panchenko³,
R. Sadykanova⁴

^{1,2,3,4}Karaganda Buketov University, Karaganda, Kazakhstan

Dispersive Analysis of the Psychological Characteristics of Job and Professional Activity Satisfaction among Higher Education Teachers

Abstract. The article considers the work experience of higher education teachers participating in the study as an important factor. Overall work experience reflects teachers' professional expertise, qualifications, and attitudes toward their professional activities. The research results showed that as work experience increases, certain differences are observed in the level of job and professional satisfaction among teachers. This confirms that professional experience plays an important role in shaping teachers' confidence in their work, motivation, and psychological well-being. Thus, overall work experience is one of the key indicators determining teachers' professional development and their satisfaction with professional activities.

The main psychological instrument used in our study was the short version of the Minnesota Satisfaction Questionnaire (MSQ), which makes it possible to assess employees' level of job satisfaction in a more individualized way compared to previously used general or approximate evaluation indicators. To better understand these differences, it is useful to measure satisfaction with specific aspects of the work environment.

The study revealed the presence of individual differences in employees' professional needs depending on their work experience, related to such indicators as the opportunity to achieve a certain social status, the ability to act according to one's conscience, confidence in the future, the ability to demand responsibility from others, the realization of personal abilities, opportunities for career advancement, and recognition for high-quality work.

The purpose of this article is to determine the level of job and professional satisfaction of higher education teachers in the context of educational digitalization, taking into account their work experience, as well as to assess the influence of key work environment factors on this indicator. To achieve this goal, the following objectives were set: to identify the level of teachers' job satisfaction; to determine the main factors influencing professional satisfaction; to analyze various aspects of the work environment, including working conditions, organizational support, relationships with colleagues, and opportunities for professional development; and to evaluate differences between various groups using the method of analysis of variance.

The results of the scientific study were determined on the basis of analysis of variance, which made it possible to identify significant differences and patterns in teachers' satisfaction levels. The obtained data may serve as a basis for making effective managerial decisions in educational organizations and for developing recommendations aimed at increasing teachers' professional satisfaction.

Keywords: teacher, job satisfaction level, professional activity, work experience, work environment, analysis of variance, Bonferroni method

References

Äbdıqalyqova, M., & Ayağanova, A. (2023). Qyzmetkerlerdi yntalandyru – qyzmet tiimdiligin arttırı quraly [Employee motivation as a tool for increasing work efficiency]. *L. N. Gumilyov atyndaǵy Euraziya últyq universitetiniń habarşysy. Pedagogika. Psihologiya. Sociologia seriasy*, 3(144), 285–295. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2023-144-3-285-295>

Ahmadieva, L. R. (2025). Udovletvorennost' trudom u prepodavateley vuzov s raznymi motivami professional'noy deyatel'nosti [Job satisfaction among university teachers with different motives of professional activity]. *Vestnik MGLU. Obrazovanie i pedagogicheskie nauki*, 4(857), 106–112.

Demir-Yıldız, C. (2023). Unveiling job satisfaction of teachers through a blend of quantitative and qualitative approaches. *Sustainability*, 15(18), 13986. <https://doi.org/10.3390/su151813986>

Eryilmaz, N., Demir, A., & Kaya, F. (2025). Teacher job satisfaction: International evidence on the role of school working conditions. *International Journal of Educational Research*, 129, 102456. <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2025.102456>

Esenova, N. A. (2021). Eñbek qanaǵattanu faktorlary: äleumettik-ekonomikalyq jáne psihologialyq aspektiler [Factors of job satisfaction: Socio-economic and psychological aspects]. *Qoǵam jáne tılǵa*, 2, 32–38.

Herzberg, F., Mausner, B., & Snyderman, B. (1959). *The motivation to work*. Wiley.

Ker, H.-W., Lee, Y.-H., & Ho, Sh.-M. (2023). The impact of work environment and teacher attributes on teacher job satisfaction. *Education Process: International Journal*, 12(3), 45–59. <https://doi.org/10.22521/edupij.2023.123.4>

Kereeva, R. D., & Baizhumanova, B. Sh. (2025). Inkliuzivti bılıм бepy aiasynda mektep pedagogteriniń kәcibi biregeiligi men eñbekke qanaǵattanuynyń özara baylansyn zertteu [Study of the relationship between professional identity and job satisfaction of school teachers in the context of inclusive education]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seria "Psihologia"*, 4(85), 361–371. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2025.85.4.031>

Khusainova, G. R., & Jaqypov, B. T. (2020). Qyzmetkerlerdiń motivaciasy men üiymdyq minez-qılıyq arasyndaǵy baylanıs [The relationship between employee motivation and organizational behavior]. *QR Psihologiya jáne pedagogika jurnaldary*, 3, 45–55.

Locke, E. A. (1976). The nature and causes of job satisfaction. In M. D. Dunnette (Ed.), *Handbook of industrial and organizational psychology* (pp. 1297–1349). Rand McNally.

Maslow, A. H. (1954). *Motivation and personality*. Harper & Row.

Semenikhin, V. V., & Semenikhina, S. F. (2024). Kliuchevye kompetentsii pedagoga v epokhu tsifrovizatsii obrazovaniya [Key competencies of a teacher in the era of educational digitalization]. *L. N. Gumilyov atyndaǵy Euraziya últyq universitetiniń habarşysy. Pedagogika. Psihologiya. Äleumettanu seriasy*, 1(146), 38–57. <https://doi.org/10.32523/2616-6895-2024-146-1-37-57>

Spector, P. E. (1997). *Job satisfaction: Application, assessment, causes, and consequences*. Sage Publications.

Tolymbekova, D., & Kabakova, M. (2022). Empiricheskoe issledovanie udovletvorennosti trudom kak faktora povysheniya motivatsii sotrudnikov [Empirical study of job satisfaction as a factor in increasing employee motivation]. *Vestnik KazNPU im. Abaya. Seria "Psihologia"*, 2(71), 277–283. <https://doi.org/10.51889/2022-2.1728-7847.19%20%20>

Авторлар туралы мәлімет:

Жансерикова Д.А. – хат-хабар авторы, психология ғылымдарының кандидаты, психология кафедрасының профессор ассистенті, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Университет көшесі, 28, 100026, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: dybys68@gmail.com

Алимбаева Р.Т. – психология ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, психология кафедрасының профессоры, жоба жетекшісі, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Университет көшесі, 28, 100026, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: alimbaeva_21@mail.ru

Панченко А.В. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, психология кафедрасының аға оқытушысы, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Университет көшесі, 28, 100026, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: idpanchenko@hotmail.com

Садыканова Р.Е. – әлеуметтік ғылымдар магистрі, докторант, Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды Ұлттық зерттеу университеті, Университет көшесі, 28, 100026, Қарағанды, Қазақстан. E-mail: Rauchan_roch@mail.ru

Сведения об авторах:

Жансерикова Д.А. – автор для корреспонденции, кандидат психологических наук, ассистент профессора кафедры психологии, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, ул. Университетская, 28, 100026, Караганда, Казахстан. E-mail: dybys68@gmail.com

Алимбаева Р.Т. – кандидат психологических наук, ассоциированный профессор кафедры психологии, руководитель проекта, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, ул. Университетская, 28, 100026, Караганда, Казахстан. E-mail: alimbaeva_21@mail.ru

Панченко А.В. – магистр социальных наук, старший преподаватель кафедры психологии, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е.А. Букетова, ул. Университетская, 28, 100026, Караганда, Казахстан. E-mail: idpanchenko@hotmail.com

Садыканова Р.Е. – магистр социальных наук, докторант, Карагандинский национальный исследовательский университет имени Е. Букетова, ул. Университетская, 28, 100026, Караганда, Казахстан. E-mail: Rauchan_roch@mail.ru


Information about the Authors:

Zhanserikova D.A. – Corresponding author, Candidate of Psychological Sciences, Assistant Professor, Department of Psychology, Karaganda Buketov University, 28 Universitetskaya Street, 100026, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: dybys68@gmail.com

Alimbayeva R.T. – Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, Professor, Department of Psychology, Project Leader, Karaganda Buketov University, Universitetskaya Street 28, 100026, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: alimbaeva_21@mail.ru

Panchenko A.V. – Master of Social Sciences, Senior Lecturer, Department of Psychology, Karaganda Buketov University, Universitetskaya Street 28, 100026, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: idpanchenko@hotmail.com

Sadykanova R.E. – Master of Social Sciences, Doctoral Student, Karaganda Buketov University, Universitetskaya Street 28, 100026, Karaganda, Kazakhstan. E-mail: Rauchan_roch@mail.ru



ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЕРЕКШЕ БІЛІМ БЕРУ ҚАЖЕТТІЛІГІ БАР БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫ ПСИХО- ЛОГИЯЛЫҚ ҚОЛДАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘДІСНА- МАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

М.Д. Касымбекова^{*1} , А.Р. Мандыкаева²

^{1,2} Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

E-mail: ^{*1}marjan_kasymbekova@mail.ru, ²mandykayeva_ar@enu.

Аңдатпа. Мақалада жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері қарастырылады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды және бейімделу қиындықтары бар білім алушылардың психологиялық қолдаудың қағидаттары, тәсілдері мен бағыттары ашылады. «Психологиялық қолдау», «ерекше білім беру қажеттіліктері», «инклюзивті білім беру» ұғымдарының мәні ашылады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды қолдау жүйесін ұйымдастырудың негізгі тәсілдері мен қағидаттары анықталды. Жүйелік, гуманистік, тұлғаға бағытталған және құзыреттілік тәсілдерді қамтитын әдіснамалық негіздер бөлінді.

Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушыларды психологиялық қолдаудың мазмұны мен бағыттарын анықтайтын негізгі ұғымдар мен тәсілдер қарастырылады. Сапалы жоғары білімге тең қол жеткізуді қамтамасыз етудің маңызды шарты ретінде инклюзивті білім беру ортасын құруға баса назар аударылды.

Жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың табысты бейімделуін және өзін-өзі жүзеге асыруын қамтамасыз ету үшін психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдауды интеграциялау қажеттілігі негізделген.

Диагностикалық, түзету-дамытушылық, кеңес беру және психологиялық ағартушылық қызметті қамтитын кешенді тәсілдің маңыздылығы атап өтіледі. Инклюзивті университет ортасын қалыптастыруда оқытушылардың, психологтардың, әдвайзерлердің және студенттер қауымдастығының күш-жігерін біріктіру қажеттілігі негізделеді.

Түйін сөздер: ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар, психологиялық қолдау, әлеуметтік қолдау, психологиялық-педагогикалық қолдау, жоғары білім беру ұйымдары, инклюзивті білім, ерекше білім беру қажеттіліктері.

Кіріспе

Бүгінгі таңда жоғары білім беру жүйесі инклюзивтілікке қарай трансформация кезеңін бастан кешуде. Сонымен қатар жоғары мектепте инклюзивті оқыту қазіргі уақытта отандық жоғары білім беру жүйесі үшін белгілі бір инновация болып табылады.

Инклюзивті білім беру барлық азаматтардың сапалы оқытуға тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған білім беру саласындағы мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады. Жоғары мектепте бұл міндет ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер санының артуына байланысты ерекше өзектілікке ие болады. Мұндай студенттерді қолдау педагогикалық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтитын жүйелі тәсілді қажет етеді.

Зерттеудің мақсаты – жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздерін айқындау.

Зерттеудің өзектілігі. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2024 жылғы 5 қаңтардағы №4 бұйрығында жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының білім беру қызметіне қойылатын негізгі біліктілік талаптарына сәйкес ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жағдай жасауды талап етіп отыр. Заңда көрсетілген «Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін білім беру қызметтеріне кедергісіз қол жеткізу және тең жағдайлардың жасалуы» керек деген талабына сәйкес, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық қолдау негіздерін зерттеу қажеттілігі туындайды.

Қазіргі заманғы жоғары білім беру жүйесінің гуманистік, қол жетімді және әділ қоғам моделіне көшуі білім беру процесіне ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қосуды көздейді. Бұл бағыт білім беруді демократияландыру мен модернизациялаудың жалпы тенденциясын көрсетеді. Мұнда әр адам физикалық, когнитивті немесе эмоционалдық ерекшеліктеріне қарамастан сапалы оқыту құқығын жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту бүгінде ғылыми-педагогикалық зерттеулердегі басты мәселелердің бірі болып табылады. Өйткені ол теңдік, әлеуметтік интеграция және инклюзивті мәдениетті қалыптастырудың іргелі мәселелерін қозғайды.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері» ұғымы денсаулықтың шектеулі мүмкіндіктеріне, даму ерекшеліктеріне, оқудағы немесе бейімделудегі уақытша қиындықтарға байланысты жеке айырмашылықтардың кең ауқымын қамтиды. Бұл білім беру бағдарламаларын игеруге тең мүмкіндіктер беретін арнайы жағдайлар жасау қажеттілігін көрсетеді. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер біртекті категория емес: олардың арасында есту, көру, тірек-қимыл аппараты бұзылған, аутизм спектрі бұзылған, психикалық дамуы тежелген адамдар, сондай-ақ эмоциялық-ерікті реттеу мен қарым-қатынас қиындықтары бар студенттер кіреді. Бұл топтардың әрқайсысы нақты көзқарасты қажет етеді, бірақ гуманистік және тұлғаға бағытталған білім берудің негізін құрайтын тұлғаның құндылығы мен бірегейлігін тану қағидаты жалпы болып қала береді.

«Инклюзивті білім беру» ұғымы «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы Заңында бекітілген, ол ерекше білім беру қажеттіліктері мен жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, барлық баланың білім алу құқығына кепілдік береді.

Инклюзивті жоғары білім нормативтік, ұйымдастырушылық, психологиялық және әдістемелік компоненттерді қамтитын көп қырлы әлеуметтік-педагогикалық құбылыс ретінде қарастырылады. Оның негізінде бірнеше негізгі тәсілдер жатыр. Жүйелік тәсіл инклюзия процесі білім беру жүйесінің барлық деңгейлерін – мемлекеттік саясаттан бастап университеттің ішкі мәдениетіне дейін қамтуы керек деп болжайды. Жоғары оқу орнының барлық бөлімшелері – оқу, әкімшілік, психологиялық, техникалық – ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге тұтас қолдау көрсету мақсатында өзара іс-қимыл жасауы маңызды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақстанның жоғары оқу орындарында мүгедектігі бар студенттерді оқытуға жағдай жасау мәселелері бойынша З.А. Мовкебаеваның, А.Е. Ахметованың (2021) зерттеулерінен табуға болады. Ғалымдар ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық-педагогикалық сүйемелдеуге, сондай-ақ осы кеңістікті саралаудың маңыздылығын атап көрсететін инклюзивті білім беру ортасында мамандарды кәсіби дайындауға ерекше мән береді.

Ғалым Ж.Б. Байсейітова (2016) инклюзивті оқытуға дайындығына қатысты мамандардың тәжірибесі өте маңызды деп санайды. Сонымен қатар аталмыш ғалым мұндай тәжірибеде мамандардың құндылық көзқарастарына шешуші рөл береді деген тұжырым жасайды.

Инклюзивті білім беру бағытында Г.А. Абаева, Г.С. Оразаева мен Л.Н. Лиходедова (2024), А.Н. Аутаева (2025), Г.К. Ахметова мен Р.Ж. Исманова (2024) және басқа да ғалымдар ерекше білім қажеттілігі бар балалар мәселесін зерттеді.

Ресейлік ғалымдар Н.И. Дунаева, П.А. Гордеева (2022) ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды әлеуметтік-психологиялық қолдауды, Л.А. Осьмук, В.В. Дегтярёва, И.В. Жданова (2017) өз зерттеулерінде инклюзивті білім беру жүйесінде әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеуді модельдеу ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың кәсіби даярлығына қойылатын қоғамдық талаптар мен білім беру жүйесінің ұйымдастырушылық мүмкіндіктері арасындағы қарама-қайшылықтарды шешуге ықпал ететінін көрсеткен. Сонымен қатар ғалым Кравченко О., Чупина К., Коляда Н., Сафин О., Бондаренко Х.В. (2021) жоғары оқу орны жағдайында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерге көрсетілетін психологиялық қолдаудың ерекшеліктерін зерттей отыра, ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді қолдаудың инновациялық түрі ретінде психологиялық-педагогикалық қолдау тобы мен инклюзивті топтардың құрылуы мен қызмет ету ерекшеліктері талдаған.

М.Д. Касымбекова, А.Р. Мандыкаева (2025) жалпы инклюзивті білім беру ортасының негізгі міндеттерінің бірі – өзін-өзі дамытуға қабілетті тұлғаның оң дамуы үшін жағдай жасау, яғни психологиялық қауіпсіздік пен қолдау жағдайында білім алушылардың құрдастарымен және мұғалімдермен өзара әрекеттесуі болып табылатынын өз зерттеулерінде көрсетті.

Қазіргі уақытта ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттер, сондай-ақ эмоциялық – жеке қиындықтарға байланысты психологиялық қолдауды қажет ететіндер саны артып келеді. Осы орайда студенттердің табысты бейімделуіне, жеке әлеуетін дамытуға және кәсіби қалыптасуына бағытталған кешенді психологиялық-педагогикалық және әлеуметтік қолдауды ұйымдастыру ерекше маңызға ие. Сондықтан білім беру ұйымындағы әлеуметтік-психологиялық жағдай инклюзивті білім беру ортасының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатындығын ескеру маңызды болып табылады.

Жоғарыда айтылған мәселелерге орай, ғалым Е.Е. Зоринаның (2018) еңбектерінде инклюзивті жоғары білім беруді енгізу мен тиімді жүзеге асыруға кедергі келтіретін бағалау, физикалық және академиялық кедергілер айқындалып, егжей-тегжей сипатталады. Аталмыш ғалым алдын-ала бағалау, дайындық, қорытынды бағалау және белсенділік кезеңдерін қамтитын осы кедергілерді дәйекті жою әдістемесін ұсынады. Сонымен қатар кедергілердің әрқайсысын жою мақсаттарын ашады.

Студенттердің ЖОО-ға бейімделу мәселесін зерттеу, әсіресе ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды қарастыру өте өзекті болып табылады. Осы орайда ғалым О.А. Молокованың (2015) еңбектерінде студенттерді ЖОО-да оқуға бейімделудің бастапқы кезеңінде психологиялық-педагогикалық қолдау мәселелерін шешу мүмкіндігі қарастырылады.

Қазақстанда инклюзивті білім беру жүйесін дамыту перспективалары балабақша тәрбиеленушілерін, мектеп оқушыларын, ерекше білім беру қажеттіліктері бар колледждер мен жоғары оқу орындарының студенттерін жалпы білім беру ортасына енгізудің сабақтастығы, білім беру практикасының сабақтастығы жағдайларын қамтамасыз етумен тікелей байланысты.

Жоғары білім беруді дамытудағы қазіргі тенденциялар студенттердің барлық санаттары үшін тең мүмкіндіктерді қамтамасыз ететін инклюзивті білім беру ортасын қалыптастыруды қажет етеді.

В.З. Кантор, Ю.Л. Проект (2021) өз зерттеулерінде инклюзивті топтарда оқитын мүгедектігі бар

және жоқ ЖОО студенттерінің әлеуметтік-психологиялық әл-ауқатының деңгейі мен факторларын анықтау және салыстыру жұмыстарын жүргізді. Аталмыш ғалымдар инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ЖОО-ның кедергісіз әлеуметтік-психологиялық ортасының қалыптасу заңдылықтарын нақтылап, мүгедектігі бар студенттер мен мүгедек емес студенттер арасында әлеуметтік-психологиялық әл-ауқат параметрлері бойынша айтарлықтай айырмашылықтар жоқ екендігі анықтады. Бұл қолайлы жоғары мектепте инклюзияны одан әрі дамытудың алғышарты болады деген қорытындыға келеді.

О.В. Якушева (2021) өз зерттеулерінде қазіргі уақытта жоғары оқу орындарында денсаулық ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың саны өсіп келе жатқанын экологиямен, аурулар мен жарақаттанудың жоғары деңгейімен байланысты деп көрсеткен. Жастардың қоғамдағы денсаулығы мен әлеуметтік бейімделуі, қайта даярлануы және қабілеттерін дамыту мәселесі аса өзекті болып отыр.

Бүгінде жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар санының өсуі психологиялық қолдаудың тиімді модельдерін әзірлеуді талап етеді. Сонымен қатар, қолдау қажеттілігі мен бейімделудегі қиындықтар мазасыздануы жоғары немесе оқу үдерісінде күйзеліске ұшыраған білім алушыларда туындайды.

Зерттеулерді зерделей келе, психологиялық қолдауды психикалық денсаулықты сақтауға, эмоциялық шаршаудың алдын алуға, студенттердің жеке әлеуетін сәтті бейімдеуге және оны ашуға бағытталған іс-шаралар кешені ретінде қарастыруға болады.

Психологиялық қолдауда студенттердің эмоциялық жай-күйін, стресске төзімділігін қарастыру маңызды факторлардың бірі болып табылады. Осы орайда ғалым М.А. Воробьева (2016) студенттердегі эмоционалдық интеллект пен эмоционалдық шаршау синдромының өзара байланысын зерттеуді. Бұл зерттеулерде эмоционалдық шаршау көрінісінің фазалары және интеллекттің қалыптасу деңгейлері анықталды. Аталмыш ғалымның зерттеу нәтижелерінде эмоционалдық шаршау синдромының алдын-алу мен түзетудің бағыттары көрсетіледі.

Психологиялық қолдаудағы қағидаттар мен тәсілдерді негіздеу маңызды аспектілердің бірі болып табылады. Мұны біз төмендегі кестеде ұсынамыз (Кесте 1).

Кесте 1

Психологиялық қолдаудың қағидаттары мен тәсілдері

№	Қағидаттары мен тәсілдері	Сипаттамасы
1	Гуманистік қағидат	Әр студенттің құндылығы мен бірегейлігін тану
2	Тұлғаға бағытталған қағидат	Жеке ерекшеліктер мен білім беру қажеттіліктерін ескеру
3	Құзыреттілік тәсіл	Табысты оқыту және кәсіби іске асыру үшін негізгі дағдыларды дамыту
4	Инклюзивті тәсіл	Білім беру ортасында тең мүмкіндіктер жасау

Ескерту: кестені авторлар құрастырған.

Гуманистік қағидат

Тұлғаға бағытталған тәсіл білім алушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аударады. Ол білім беру бағдарламаларының икемділігін, оқыту әдістері мен формаларының өзгергіштігін, сондай-ақ ақпаратты қабылдау стилін, мотивацияны және тәуелсіздіктің даму деңгейін ескеруді қамтиды. Осыған байланысты мұғалім білім аудармашысы ретінде емес, тәрбиеші, тәрбиеші, дамытушы білім беру ортасын ұйымдастырушы ретінде әрекет етеді. Негізгі қағидат-студент пен мұғалім арасындағы ынтымақтастық, сенім және серіктестік.

Құзыреттілік тәсіл, өз кезегінде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерде коммуникативті, бейімделгіш, зерттеу және цифрлық әмбебап құзыреттіліктерді қалыптастыруға бағытталған. Осы құзыреттерді игеру түлектердің табысты кәсіби және әлеуметтік интеграциясына ықпал етеді. Бұл

тәсілді жүзеге асыру үшін білім беру бағдарламаларын бейімдеу, ассистивті технологияларды қолдану және жеке оқу жоспарларын әзірлеу қажет.

Инклюзивті тәсіл барлық аталған теориялық бағыттарды біріктіреді және білім беру процесін кедергілерді – физикалық, ақпараттық, психологиялық және әлеуметтік жою кеңістігі ретінде қарастырады. Оның негізгі мақсаты – оқу аудиториясына ерекше қажеттіліктері бар студенттердің физикалық қатысуы ғана емес, сонымен қатар олардың жоғары білім беру ұйымының академиялық, мәдени және әлеуметтік өміріне толық қатысуы. Инклюзия мұғалімдердің, әкімшіліктің және студенттердің көзқарасын өзгертуді, айырмашылықтарды қабылдау мәдениетін қалыптастыруды және әртүрлілікті қолдауды талап етеді.

Аксиологиялық тәсіл инклюзивті білім берудің құндылық бағдарларының маңыздылығын көрсетеді, мұнда адамның қадір-қасиеті, оны құрметтеу және өзін-өзі жүзеге асыру құқығы бірінші орынға қойылады. Білім беру ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерде өзіндік маңыздылық, сенімділік және әлеуметтік қарым-қатынас сезімін қалыптастыруы керек. Ол тек академиялық жетістіктерге ғана емес, сонымен қатар өмірлік құзыреттерді қалыптастыруға, қоғамдық өмірге қатысуға дайын болуға, әлеуметтік жауапкершілік пен эмпатияны дамытуға бағытталған.

«Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылар» санатына мыналар жатады:

- мүмкіндігі шектеулі және мүгедектік санаты бар студенттер;
- психозомоциялық қиындықтары бар студенттер (мазасызданудың жоғары деңгейі, әлеуметтік бейімделу);

- мәдени және тілдік бейімделуді қажет ететін шетелдік студенттер;

- шамадан тыс жүктемелер мен әлеуметтік қиындықтарға тап болған дарынды студенттер.

Жоғары мектептегі инклюзивті білім берудің негізгі қағидаттарына мүмкіндіктер теңдігі, оқытуды даралау, білім беру ортасының қолжетімділігі, пәнаралық ынтымақтастық және психологиялық педагогикалық қолдау кіреді. Теңдік қағидаты білім беру ресурстары мен қызметтеріне бірдей қолжетімділікті қамтамасыз етуді көздейді. Даралау оқу қызметін жоспарлау кезінде білім алушының ерекшеліктерін ескеруде көрінеді. Қол жетімділік қағидаты кедергісіз орта құруды қамтиды – физикалық, цифрлық және коммуникативті. Студенттерді бейімдеуге, олардың сенімділігін, өзін-өзі қабылдауын және оқуға деген ынтымақсыз дамытуға бағытталған психологиялық қолдау маңызды рөл атқарады.

Ынтымақтастық қағидаты білім беру процесінің барлық қатысушылары – оқытушылар, білім алушылар, ата-аналар, эдвайзерлер және сүйемелдеу мамандары арасындағы тиімді өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді.

Оң өзгерістерге қарамастан, жоғары білім беру жүйесі инклюзияны жүзеге асыруда бірқатар қайшылықтарға тап болады. Мұғалімдердің жеткіліксіз дайындығы, материалдық-техникалық ресурстардың тапшылығы, әдістемелік әзірлемелердің шектеулілігі және студенттердің инклюзивті мәдениет қағидаттары туралы нашар хабардар болуы маңызды мәселелер болып қала береді. Кейбір жағдайларда білім беру тәжірибесін терең өзгертпестен инклюзияны ресми түрде енгізу байқалады. Оқытушылар оқу материалдарын бейімдеуде, ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің білімін бағалауда және сараланған оқытуды ұйымдастыруда қиындықтарға тап болады.

Жоғарыдағы мәселелерді шешу оқытудың әмбебап дизайнын енгізуге, оқытушылардың біліктілігін арттыруға және пәнаралық өзара іс-қимылды дамытуға бағытталған ЖОО саясатын жүйелі жаңғыртуды талап етеді. Әмбебап оқыту дизайны (universal design for learning) студенттердің әртүрлілігін ескеретін және ақпаратты ұсынудың, білім көрсетудің және оқу процесіне қатысудың әртүрлі тәсілдерін ұсынатын икемді білім беру бағдарламаларын құруды қамтиды. Мұндай модель білім беруді тек қол жетімді ғана емес, сонымен қатар барлығына сапалы етеді.

Жоғары білім беру ұйымдарында психологиялық қолдау бағыттары ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың әлеуеті мен ресурстарын дамытуға мүмкіндік береді (Кесте 2).

Кесте 2

Психологиялық қолдау бағыттары

№	Бағыттары	Сипаттамасы
1	Диагностикалық	Бейімделу деңгейін, психологиялық жағдайды, тұлғааралық қатынастарды бақылау
2	Түзету және дамыту	Коммуникация, эмоциялық реттеу, уақытты басқару бойынша тренингтер
3	Кеңес беру	Студенттерге, мамандарға және ата-аналарға арналған жеке және топтық кеңес беру
4	Психологиялық ағартушылық	Психикалық денсаулық, психологиялық қажудың алдын алу, стрессті басқару туралы дәрістер, семинарлар
5	Әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу	Студенттік ортаға ықпалдасуға жәрдемдесу, тьюторлық қолдау, волонтерлік бағдарламалар

Ескерту: кестені авторлар құрастырған.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері» термині оқуда, дамытуда немесе әлеуметтік бейімделуде қиындықтарға тап болған адамдардың білім беру бағдарламаларын игеруі үшін қажетті жеке жағдайлардың жиынтығын білдіру үшін қолданылады.

Зерттеуші Л. Саргсян (2024) зерттеулеріне сәйкес ерекше білім берудің негізгі қағидаттарына мыналар жатады деп көрсеткен:

- барлық адамдар (мектеп оқушылары, жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары) әртүрлі, олардың қабілеттері мен мүмкіндіктері де әрқилы;
- шектеулі физикалық мүмкіндіктер бұл әртүрліліктің ажырамас бөлігі болып табылады;
- барлық адамдар (мектеп оқушылары, жоғары білім беру ұйымдарының білім алушылары) ешқандай кедергілерсіз, шектеулерсіз және кемсітусіз (институционалдық және физикалық тұрғыда да) білім алуға тең мүмкіндіктерге ие болуы керек;
- барлық білім алушылар үшін сараланған және жеке оқыту қамтамасыз етілуі тиіс.

Инклюзивті білім беру – бұл білім алушыларға берілетін (оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар) және оларға ерекше жағдайлар мен қажетті әлеуметтік және психологиялық-педагогикалық қолдауға кепілдік беретін жалпы білім беруді үздіксіз жетілдіруді қамтамасыз ететін мемлекеттік саясат.

Инклюзивті жағдайда білім алушыларды әлеуметтік қолдау да маңызды факторлардың бірі болып табылады. Әлеуметтік қолдау – бұл инклюзивті білім берудегі мүмкіндіктері шектеулі білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсетуге бағытталған білім беру үдерісін сүйемелдейтін іс-шаралар кешені, оның ішінде күнделікті мәселелерді шешуге көмектесу, жатақханада тұру, әлеуметтік төлемдер, стипендиялар және т.б.

Жоғары білім беру ұйымдарында психологиялық қолдауды ұйымдастыру барысында бағдарламалардың екі түрі қолданылады: жеке тұлғаға бағытталған және кешенді қолдауға бағытталған бағдарламалар. Жеке тұлғаға бағытталған қолдау нақты бір адамның мәселелерін шешуге бағытталса, кешенді қолдау адамдардың үлкен тобына тән мәселелердің алдын алуға немесе оларды шешуге арналған (Karpushkina et al., 2019).

Зерттеу нәтижелері бойынша, ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларға жеке тұлғаға бағытталған да, кешенді қолдау да қажет екені анықталды. Жеке тұлғаға бағытталған бағдарламалар бірінші курс білім алушыларының жаңа оқу жағдайларына бейімделуіне көмектесіп, осы жағдайларды қабылдауына қолдау көрсетеді, сондай-ақ кәсіби өзін-өзі анықтауын түзетуге ықпал етеді.

Кешенді бағытталған психологиялық қолдау бағдарламалары таңдалған мамандық пен кәсіпке қатысты мотивация мен құндылық-мағыналық қатынасты қалыптастыруға, кәсіби тұрғыдан маңызды қасиеттерді дамытуға және қажетті құзыреттерді игеруге көмектеседі.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Зерттеу барысында жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдау мәселесіне қатысты отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерге теориялық талдау жүргізілді.

Зерттеуде салыстырмалы талдау, жүйелеу, ғылыми деректерді саралау және жалпылау әдістері қолданылды. Сонымен қатар инклюзивті білім беру жағдайындағы психологиялық қолдаудың теориялық және әдіснамалық негіздері зерделенді.

Зерттеу әдістері ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдаудың негізгі бағыттарын, қағидаттарын және ұйымдату тетіктерін айқындауға мүмкіндік берді.

Ерекше білім қажеттілігі бар студенттерді психологиялық-педагогикалық қолдау олардың оқу және бейімдеу үдерісіндегі жеке, әлеуметтік және кәсіби дамуына ықпал ететін кешенді шаралар жүйесі ретінде қарастырылады.

Инклюзивті ортада ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерге психологиялық-педагогикалық қолдауды ұйымдастыру ерекшеліктерін зерттеуде қолданылған әдістер төмендегі суретте (1-сурет) көрсетілген.

Зерттеу әдістері		
ТЕОРИЯЛЫҚ ӘДІСТЕР - психологиялық-педагогикалық, әлеуметтік және әдіснамалық әдебиеттерді талдау және синтездеу; - инклюзивті білім берудің отандық және шетелдік тәжірибесін салыстырмалы талдау; - ЖОО-да психологиялық қолдау құрылымын модельдеу; - ғылыми деректер мен нормативтік құжаттарды жинақтау және жүйелеу.	ЭМПИРИКАЛЫҚ ӘДІСТЕР - инклюзивті топтардағы білім беру үдерісін бақылау; - қолдау қызметінің оқытушыларына, студенттеріне және мамандарына сауалнама жүргізу; - ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылармен әңгімелесу және сұхбат; - бейімделу, мазасыздану, мотивация және тұлғааралық өзара әрекеттесу деңгейін анықтауға бағытталған психологиялық-педагогикалық диагностика (мысалы, Спилбергер–Ханин, Рогов, Климов әдістері); - ерекше қажеттілігі бар студенттерді қолдаудың нақты жағдайларын кейс-талдау.	МАТЕМАТИКАЛЫҚ-СТАТИСТИКАЛЫҚ ӨНДЕУ ӘДІСТЕРІ - сипаттамалық статистиканы қолдану (орташа мәндер, пайыздар, рейтингтер) ; - қолдау деңгейі мен бейімделудің сәттілігі арасындағы байланысты анықтауға арналған корреляциялық талдау.

Сурет 1. Зерттеу әдістері.

Ескерту: авторлар құрастырған.

Нәтижелер және оларды талқылау

Зерттеу нәтижесінде жоғары білім беру ұйымдарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдаудың негізгі бағыттары мен ұйымдастыру ерекшеліктері анықталады.

Психологиялық қолдаудың негізгі міндеттеріне білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау, оқу және әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, эмоциялық тұрақтылықты дамыту және психологиялық қауіпсіз орта қалыптастыру жатады.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды іске асырудың негізгі нысандары ретінде жеке және топтық кеңес беру, тьюторлық сүйемелдеу, түзету-дамыту сабақтары және мамандардың кешенді өзара әрекеті қарастырылды.

Зерттеу барысында психологиялық қолдаудың диагностикалық, түзету-дамыту, кеңес беру, психологиялық ағартушылық және әлеуметтік-психологиялық сүйемелдеу бағыттарының тиімділігі анықталды.

«Ерекше білім беру қажеттіліктері», «инклюзивті білім беру» және «психологиялық-педагогикалық қолдау» ұғымдары қазіргі білім беру парадигмасының негізгі элементтері болып табылады. Ерекше қажеттілігі бар студенттерге тиімді қолдау диагностика, сүйемелдеу және нәтижелерді бағалауды қамтитын жүйелік тәсілмен ғана мүмкін болады. Зерттеудің теориялық және эмпирикалық әдістерінің кешенін қолдану инклюзивті білім беруді дамыту тәсілдерінің ғылыми негізділігін қамтамасыз етеді. Теориялық зерттеу нәтижелері бейімделу бағдарламаларын, біліктілікті арттыру курстарын әзірлеу және жоғары оқу орындарында қолдау қызметтерін ұйымдастыру кезінде пайдаланылуы мүмкін.

Психологиялық қолдаудың негізгі міндеттері:

білім алушының жеке ерекшеліктері мен қиындықтарын диагностикалау;

оқу және әлеуметтік дезадаптацияның алдын алу;

эмоциялық тұрақтылықты және оқуға деген ынтаны дамыту;

қабылдау және психологиялық қауіпсіздік атмосферасын құру;

оқытушыларға әдістемелер мен тәсілдерді бейімдеуге көмектесу.

Психологиялық қолдауды іске асыру нысандары:

жеке және топтық кеңес беру;

тьюторлық сүйемелдеу;

түзету және дамыту сабақтары;

жеке өсу және командалық келісім тренингтері;

мамандардың (психологтардың, педагогтердің, дәрігерлердің) өзара іс-қимылы.

Ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды қолдауға қатысушылардың рөлін негіздеу маңызды аспектілердің бірі болып табылады (Кесте 3).

Кесте 3

Психологиялық-педагогикалық қолдауға қатысушылардың рөлі

№	Қатысушылар	Рөлі
1	Оқытушылар	Оқу бағдарламаларын бейімдеу, толеранттық климат құру.
2	Психологтар	Диагностика, түзету, кеңес беру.
3	Әдвайзердер мен тәлімгерлер	Жеке сүйемелдеу.
4	Студенттік қоғамдастық	Еріктілік, тәлімгерлік.

Ескерту: кестені авторлар құрастырған.

Жоғары оқу орнында ерекше білім беру қажеттілігі бар студенттерді қашықтықтан оқыту мәселесі де өзінің өзектілігімен алға шығады. Осы орайда Ю.И. Маркелова, А.А. Малыгин, Т.А. Вороновалар (2016) ерекше қажеттіліктері бар білім алушылардың қашықтықтан білім беру саласында білімін, іскерлігі мен дағдыларын қалыптастыру моделін ұсынады. Бұл ерекше қажеттілігі бар студенттермен психологиялық қолдау жұмыстарын жүргізудің жаңа бағыттарын айқындайды.

Психологиялық-педагогикалық қолдауды жүзеге асыру мәселелері:

- шектеулі кадрлық ресурстар (мамандардың жетіспеушілігі);
- ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылармен жұмыстың ерекшелігі туралы психологтардың хабардарлығының төмен болуы;
- стереотиптер және біржақты көзқарас;
- материалдық-техникалық ресурстардың жетіспеушілігі.

Инклюзивті практиканың маңызды элементі студенттерді бейімдеуге, олардың тиесілілік, сенімділік және академиялық мотивация сезімдерін дамытуға бағытталған психологиялық-педагогикалық қолдау болып табылады. Қолдау жан-жақты болуы және әртүрлі профильдегі мамандардың – психологтардың, арнайы мамандардың, тьюторлардың, әлеуметтік қызметкерлердің қатысуымен жүзеге асырылуы керек. Бұл тұрғыда командалық тәсіл ерекше маңызға ие, мұнда студенттің мәселелерін шешу оқшауланбай, қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу жүйесінде қарастырылады.

Теориялық тұрғыдан алғанда, инклюзивті университет мәдениетін қалыптастырусыз сәтті инклюзия мүмкін емес екенін атап өту маңызды. Бұл процесс ұзақ мерзімді және көп деңгейлі, көзқарастарды, құндылықтарды, байланыс нормаларын және ұйымдастырушылық ортаны өзгертуді қамтиды. Университеттің инклюзивті мәдениеті құрмет пен қолдау қағидаттары оқу процесінен бастап бос уақыт пен зерттеу тәжірибесіне дейінгі барлық қызмет салаларына енетіндігінде көрінеді. Мұндай кеңістікте ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттер академиялық қоғамдастықтың толыққанды мүшелері бола отырып, «басқа» категория ретінде қабылданбайды.

Айта кететін жайт, инклюзия процесі қайшылықсыз емес екенін ескеру қажет. Олардың ішінде гуманистік педагогика идеалдары мен университеттердің нақты тәжірибесі арасындағы сәйкессіздік, қаржылық және кадрлық ресурстардың жетіспеушілігі, дәстүрлі білім беру құрылымдарының инерциясы, сондай-ақ қоғамдағы стереотиптер мен алалаушылықтар бар. Бұл қайшылықтар жүйелі сипатқа ие және студенттер мен оқытушылар арасында заңнаманы жетілдіруді, инфрақұрылымды дамытуды және ағартушылық жұмысты қамтитын кешенді шешімдерді талап етеді.

Болашақта әртүрлі шектеулері бар студенттер үшін жаңа мүмкіндіктер ашатын ассистивті және цифрлық технологияларды дамытуға ерекше назар аудару керек. Электрондық білім беру ресурстары, адаптивті интерфейстер, автоматтандырылған аударма және навигация жүйелері, қашықтықтан оқыту платформалары білім берудің қолжетімділігін айтарлықтай арттырады. Дегенмен, технологияны пайдалану педагогикалық эмпатиямен, студенттердің эмоционалды және әлеуметтік тәжірибесіне назар аударумен біріктірілуі керек.

Ұзақ мерзімді перспективада инклюзивті жоғары білім әлеуметтік интеграцияның және адам әлеуетін дамытудың маңызды тетігі болуға тиіс. Ол академиялық қана емес, мәдени, этикалық және әлеуметтік нәтижелерді де қамтамасыз етеді: жастардың бойында азаматтық, жауапкершілік, өзара көмек құндылықтарын қалыптастырады, қоғамның әлеуметтік бірлігін арттырады. Инклюзивті тәжірибелерді жүзеге асыратын университет гуманитарлық даму орталығына айналады, онда тек кәсіби дағдылар ғана емес, сонымен қатар диалог пен түсіністік мәдениеті де оқытылады. Осылайша, жоғары мектепте ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру білім беруді жаңғыртудың стратегиялық бағыты болып табылады деп айтуға болады. Ол университеттерден жергілікті бастамалардан жүйелік қайта құруларға, нормаларды ресми сақтаудан – тең мүмкіндіктер кеңістігі болуға ішкі дайындыққа көшуді талап етеді.

Жоғарыдағы айтылған мәселелерге орай, қазіргі білім беру дәстүрлі оқыту моделінен инклюзивтіге көшумен байланысты белсенді трансформация кезеңін бастан кешуде. Инклюзияның негізгі идеясы әрбір білім алушының бірегейлігін тану және оның білім беру үдерісіне толыққанды қатысуы үшін жағдай жасау болып табылады. Сондықтан оның перспективасы мен күтілетін нәтижесі маңызды. Біз өзіміздің зерттеу жұмысымызда төмендегідей перспективалар мен күтілетін нәтижеге негізделген қолдаудың тиімді жүйесін анықтаймыз:

1. Студенттердің академиялық жетістіктері мен мотивациясын арттыру.
2. Мазасыздану мен стресстік жағдайларды азайту.
3. Инклюзивті университет мәдениетін қалыптастыру.
4. Түлектердің табысты кәсіби әлеуметтенуіне ықпал ету.

Жоғары оқу орындарында ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдау диагностика, түзету, кеңес беру және ағартуды қамтитын кешенді қызмет болып табылады. Ерекше қажеттіліктері бар студенттердің білім беру әлеуетін толыққанды іске асыру үшін жағдай жасау қазіргі заманғы жоғары білімнің маңызды міндеті болып табылады және әкімшіліктің, мамандардың, психологтардың және студенттер қауымдастығының күш-жігерін біріктіруді талап етеді.

Дамудың перспективалық бағыты инклюзивті университет мәдениетін қалыптастыру болып табылады, онда теңдік, құрмет және ынтымақтастық құндылықтары ЖОО миссиясының бір бөлігіне айналады. Бұл мәдениеттің маңызды аспектісі студенттердің бастамаларын қолдау, еріктілер бағдарламаларын дамыту, тәлімгерлік және қоғамдық ұйымдармен өзара әрекеттесу болып табылады. Мұндай мәдениеттің қалыптасуы кемсітушілік пен стигматизация деңгейін төмендетуге ықпал етеді, өзара көмек пен сенім атмосферасын қалыптастырады. Осылайша, жоғары білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді оқыту теориялық ойлауды және практикалық іске асыруды қажет ететін күрделі, көп қырлы процесс болып табылады. Ол кедергілерді жоюға ғана емес, сонымен бірге білім берудің мәнін гуманизм кеңістігі, әлеуметтік жауапкершілік және жеке тұлғаның дамуы ретінде қайта қарастыруға бағытталған. Жоғары мектептегі инклюзивті білім қоғамның демократиялық қағидаттарын нығайтуға, әртүрлілік жағдайында айырмашылықтарды қабылдауға және ынтымақтасуға қабілетті белсенді азаматтар мен кәсіпқойларды қалыптастыруға ықпал етеді.

Жоғары мектептегі инклюзивті білім – бұл қоғамның жетілуінің көрсеткіші, оның гуманизм деңгейі және әлеуметтік жауапкершілігі. Бұл тұлғаның жаңа түрін қалыптастыруға ықпал етеді – ашық, эмпатиялық, ынтымақтастық пен өзін-өзі дамытуға дайын. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттердің өздері үшін инклюзивті білім беру процесіне қатысу жеке өсу, кәсіби өзін-өзі анықтау және әлеуметтік іске асыру факторына айналады. Демек, бұл мәселені теориялық тұрғыдан түсіну жоғары мектептегі инклюзивті білім беру қазіргі білім беру парадигмасының ажырамас бөлігі болып табылады деген қорытындыға келеді. Инклюзия қағидаттарын іске асыру әр адам бағаланатын, айырмашылықтар кедергі болып табылмайтын, бірақ даму мен өзара байытудың көзі болатын қоғам құруға жол ашады. Сондықтан жоғары білімге инклюзивті тәсілді енгізу уақытша тенденция ретінде емес, мемлекеттің тұрақты дамуының, оның зияткерлік әлеуеті мен әлеуметтік әділеттілігін нығайтудың іргелі шарты ретінде қарастырылуы керек. Барлығына қол жетімді білім – бұл кәсіби дайындық құралы ғана емес, сонымен бірге болашақты құруға қабілетті үйлесімді, адамгершілікті және жауапты тұлғаны қалыптастыру механизмі.

Қазақстанның және басқа елдердің жоғары оқу орындарында инклюзивті тәсілді іске асыру білім беру жүйесінің орнықтылығы мен даму сапасын қамтамасыз ететін білім беру саясатының стратегиялық бағытына айналады. Сайып келгенде, инклюзияның сәттілігі нормативтік актілерге емес, қоғамның әр адамның құндылығын мойындауға және оның әлеуетін ашуға жағдай жасауға ішкі дайындығына байланысты.

Жоғары білім беру жүйесінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау мәселесінің теориялық аспектілерін талдау қазіргі білім беру саясатындағы инклюзивті тәсілдің педагогикалық және әлеуметтік-психологиялық маңыздылығын ашатын бірқатар маңызды тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді.

Ең алдымен, университеттегі инклюзивті білім беру студенттердің жекелеген санаттарын қолдауды ұйымдастырудың бір түрі ғана емес, гуманистік қағидаттарға, әлеуметтік әділеттілікке және адам тәжірибесінің алуан түрлілігін тануға бағытталған жаңа білім философиясының көрінісі екенін атап өткен жөн. Университет білім беру жүйесінің жоғарғы сатысы ретінде білім беріп қана қоймай, теңдік, сыйластық және айырмашылықтарды қабылдау құндылықтарына негізделген дүниетанымды қалыптастыруы керек. Бұл тұрғыда инклюзия педагогикалық технология емес, бүкіл білім беру жүйесінің даму стратегиясын анықтайтын құндылық парадигмасы ретінде әрекет етеді.

Заманауи теориялық тәсілдер-жүйелік, тұлғаға бағытталған, аксиологиялық, құзыреттілік және инклюзивті-ерекше білім беру қажеттіліктері бар студенттерді қолдау процесін тұтас, көп деңгейлі және динамикалық құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді. Жүйелік тәсіл қолдаудың құрылымдық тұтастығының қажеттілігін көрсетеді, мұнда әрбір ішкі жүйе – ұйымдастырушылық, әдістемелік, инфрақұрылымдық және психологиялық – бірін-бірі толықтыратын функцияны орындайды. Инклюзия білім беру жүйесінің барлық деңгейлері – мемлекеттік саясаттан бастап университеттің ішкі мәдениетіне дейін қолдау тапқан кезде ғана тиімді болады.

Теориялық талдаудың маңызды нәтижесі жоғары білім берудегі инклюзия терең институционалдық трансформацияны қажет ететіндігін анықтау болды. Бұл кампустардың физикалық қолжетімділігін

ғана емес, сонымен қатар оқу бағдарламаларының құрылымын, білімді бағалау тәсілдерін, цифрлық инфрақұрылымды, сондай-ақ педагогтардың кәсіби мәдениетін өзгертуді көздейді. Жекелеген элементтерді бейімдеуден теңдік пен қатысу қағидаттары университеттің корпоративтік миссиясының бір бөлігіне айналатын тұтас инклюзивті экожүйені құруға көшу қажет.

Инклюзияның сәттілігінің негізгі факторларының бірі-оқытушылардың әртүрлілік жағдайында жұмыс істеуге дайындығы. Оқытушының инклюзивті құзыреттілігі білім алушылардың әртүрлі санаттарының ерекшеліктерін білуді, қолдаудың вариативті әдістерін қолдана білуді, сондай-ақ студентке құрметпен қарайтын эмоционалды-этикалық жетілуді қамтиды. Педагогтерді жүйелі даярлау мен әдістемелік қолдаусыз инклюзия декларация болып қалу қаупі бар. Сондықтан жоғары білім беру ұйымдарында ерекше қажеттілігі бар білім алушыларға қолдау бағытын нығайту үшін ЖОО оқытушыларын арнайы даярлау да маңызды мәселе ретінде алға шығады.

Қорытынды

Жоғары білім беру ұйымдарында ерекше қажеттілігі бар білім алушыларды психологиялық қолдау диагностика, түзету-дамыту, кеңес беру және психологиялық ағартуды қамтитын кешенді үдеріс болып табылады.

Зерттеу нәтижелері психологиялық-педагогикалық қолдаудың білім алушылардың әлеуметтік бейімделуіне, эмоциялық тұрақтылығына және академиялық табыстылығына оң әсер ететінін көрсетті.

Инклюзивті білім беру жағдайында психологиялық қолдаудың тиімді жүйесін қалыптастыру жоғары оқу орындарында қолжетімді және қауіпсіз білім беру ортасын құрудың маңызды шарты болып табылады.

Сонымен қатар инклюзивті университет мәдениетін дамыту, мамандардың кәсіби даярлығын жетілдіру және психологиялық сүйемелдеу қызметтерін жүйелі ұйымдастыру ерекше маңызға ие.

Қорытындылай келе, ерекше білім қажеттіліктері бар студенттер мамандардың назарын аударуды талап етеді. Контекстік, көп деңгейлі оқытудың ақпараттық технологияларын қолдану олардың оқу жетістіктерін арттырады. Сондықтан ерекше қажеттілігі бар студенттерді психологиялық, педагогикалық және әлеуметтік қолдауды ғылыми зерттеу өзекті мәселелердің бірі болып табылады.

Мүдделер қақтығысы

Авторлар өздерінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Авторлардың үлесі

Барлық авторлар зерттеу тұжырымдамасын әзірлеуге, әдеби дереккөздерді талдауға, алынған нәтижелерді интерпретациялауға және мақаланың мәтінін дайындауға тең үлес қосты.

Әдебиеттер тізімі

Абаева Г.А., Аязбаева А. (2024). Формирование навыков общения с окружающими людьми в различных социально-бытовых условиях у учащихся с легкой интеллектуальной недостаточностью. *Вестник КазНПУ имени Абая. Серия: Специальная педагогика*, 76(1), 39–44. <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2024.14.1.005>

Ахметова Г.К., Исманова Р.Ж. (2024). Инклюзивті білім берудегі педагогикалық технологиялар (үш тілде). Шымкент: ОҚПУ.

Аутаева А.Н. (2025). Изучение детей с особыми образовательными потребностями. *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Специальная педагогика»*, 2(81), 33–41. <https://doi.org/1673.2025.81.2.004-2960/10.51889>

Байсеитова Ж.Б. (2016). *Оқу үдерісін жетілдіру құралы ретінде ғылыми-педагогикалық зерттеу*.

Дунаева Н.И., Гордеева П.А. (2022). Сопротивляемость студентов с инвалидностью и ограниченными возможностями здоровья деструктивной агрессии в ходе социально-психологического сопровождения. *Прикладная юридическая психология*, 3(60), 98-105.

Кантор В.З., Проект Ю.Л. (2021). Inclusive educational process at the university: Theoretical and experimental model of teachers' psychological readiness. *The Education and Science Journal*, 23(3), 156–182. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2021-3-156-182>

Karpushkina, N.V., Kisova, V.V., Koneva I.A., Kochneva, E.M., Kudryavtsev, V.A., Rossova, Y.I., Fedoseeva, N.V. (2019). Modeling of psychological support of persons with disabilities at the university. *International Journal of Psychosocial Rehabilitation*, 23(3), 841–848. <https://doi.org/10.61841/1e6mey61>

Касымбекова М.Д., Мандыкаева А.Р. (2025). Ерекше білім алушылардың жоғары білім беру ұйымдарындағы оқу жағдайларына әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің қиындықтары. *Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары*, 218–221. Қызылорда: «Болашақ» университеті.

Kravchenko O., Chupina K., Koliada N., Safin O. & Bondarenko H. (2021). Psychological and pedagogical support of students with special educational needs in a higher education institution. In *Advances in Human Factors and Ergonomics in Healthcare and Medical Devices* (pp. 299–306). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-030-80744-3_37

Markelova, Y.I., Malygin, A.A., Voronova, T.A. (2016). Formation of students' readiness to work in the system of distance learning for disabled children. *The Education and science journal*, 10, 133–150. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2016-10-133-150>

Молюкова О.А. (2015). Psychological diagnostics of students' adaptation to university studies. *The Education and Science Journal*, 10, 146–156. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-10-146-156>

Мовкебаева З.А., Ахметова А.Е. (2021). Создание условий для обучения студентов с инвалидностью в казахстанских вузах. *Вестник КазНПУ им. Абая. Серия «Педагогические науки»*, 4(72), 60–69. <https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.07>

Оразаева Г.С., Лиходеева Л.Н. (2024). Арнайы педагогтердің күйзеліске төзімділік мәселесі. *Абай атындағы ҚазҰПУ Хабаршысы. Психология сериясы*, 2(79), 275–287. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.79.2.026>

Осмук Л.А., Дегтярева В.В., Жданова И.В. (2017). Modeling of socio-psychological support in inclusive education. *Psychological Science and Education*, 22(1), 140–149. <https://doi.org/10.17759/pse.2017220116>

Саргсян Л. (2024). Inclusive education as a factor of social integration of students. *Education in the 21st Century*, 6(2), 60–68. <https://doi.org/10.46991/educ-21st-century.v6.i2.60>

Воробьева М.А. (2016). Connection of emotional intelligence and emotional burnout of students. *The Education and Science Journal*, 4(133), 80–94. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2016-4-80-94>

Якушева О.В. (2021). Психологическое сопровождение студентов с ограниченными возможностями здоровья. *Педагогическое образование. Вестник МГУ*, 3.

Зорина Е.Е. (2018). Eradicating the barriers to inclusive higher education. *The Education and Science Journal*, 20(5), 165–184. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2018-5-165-184>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі (2024). №4 бұйрық. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400033892>

Қазақстан Республикасы Үкіметі. (2024). №1143 қаулысы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143>

М.Д. Касымбекова*¹, А.Р. Мандыкаева²

^{1,2}Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Теоретические и методологические основы психологической поддержки особых обучающихся в организациях высшего образования

Аннотация. В статье рассматриваются теоретические и методологические основы психологической поддержки особых обучающихся в организациях высшего образования. Раскрываются принципы, подходы и направления психологической поддержки особых студентов и иных категорий обучающихся с трудностями адаптации. Раскрывается сущность понятий «психологическая поддержка», «особые образовательные потребности», «инклюзивное образование». Определены основные подходы и принципы организации системы поддержки студентов с особыми образовательными потребностями. Выделены методологические основы, включающие системный, гуманистический, личностно-ориентированный и компетентностный подходы.

Рассматриваются основные понятия и подходы, определяющие содержание и направления психологической поддержки учащихся с особыми образовательными потребностями. Особое внимание было уделено созданию инклюзивной образовательной среды как важнейшему условию обеспечения равного доступа к качественному высшему образованию.

Обоснована необходимость интеграции психологической, педагогической и социальной поддержки для обеспечения успешной адаптации и самореализации особых обучающихся в организациях высшего образования.

Подчеркивается важность комплексного подхода, включающего диагностическую, коррекционно-развивающую, консультативную и психолого-просветительскую деятельность. Обосновывается необходимость объединения усилий преподавателей, психологов, эдвайзеров и студенческого сообщества в формировании инклюзивной университетской среды.

Ключевые слова: особые обучающиеся, психологическая поддержка, социальная поддержка, психолого-педагогическая поддержка, организации высшего образования, инклюзивное образование, особые образовательные потребности.

M. Kasymbekova*¹, A. Mandykaeva,

^{1,2}*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

Theoretical and methodological foundations of psychological support for special students in higher education institutions

Abstract. The article discusses the theoretical and methodological foundations of psychological support for special needs students in higher education institutions. The principles, approaches and directions of psychological support for special students and other categories of students with adaptation difficulties are revealed. The essence of the concepts «psychological support», «special educational needs», «inclusive education» is revealed. The main approaches and principles of the organization of the support system for students with special educational needs are defined. Methodological foundations are highlighted, including systematic, humanistic, personality-oriented and competence-based approaches.

The basic concepts and approaches defining the content and directions of psychological support for students with special educational needs are considered. Special attention was paid to the creation of an inclusive educational environment as an essential condition for ensuring equal access to high-quality higher education.

The necessity of integrating psychological, pedagogical and social support to ensure successful adaptation and self-realization of special students in higher education institutions is substantiated.

The importance of an integrated approach, including diagnostic, correctional, developmental, consultative and psychological educational activities, is emphasized. The necessity of combining the efforts of teachers, psychologists, advisors and the student community in the formation of an inclusive university environment is substantiated.

Keywords: special learners, psychological support, social support, psychological and pedagogical support, higher education institutions, inclusive education, special educational needs.

References

Abaeva G.A., Ajazbaeva A. (2024). Formirovanie navykov obshheniya s okruzhajushhimi ljud'mi v razlichnyh social'no-bytovykh usloviyah u uchashhihsja s legkoj intellektual'noj nedostatochnost'ju. [Formation of communication skills with surrounding people in various social and бытовых conditions among students with mild intellectual disabilities]. *Vestnik KazNPU imeni Abaja. Serija: Special'naja pedagogika*, 76(1), 39–44. <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2024.14.1.005> - [in Russian].

Ahmetova G.K., Ismanova, R.J. (2024). *İnklüzivtı bilim berudegi pedagogikalyq tehnologialar (üstilde). [Pedagogical Technologies in Inclusive Education (in Three Languages)]* Şymkent: OQPU. - [in Kazakh].

Autaeva A.N. (2025). Izuchenie detej s osobymi obrazovatel'nymi potrebnostjami. [Study of children with special educational needs]. *Vestnik KazNPU im. Abaja. Serija «Special'naja pedagogika»*, 2(81), 33–41. <https://doi.org/10.51889/2960-1673.2025.81.2.004> - [in Russian].

Baiseitova J.B. (2016). *Oqu üderisin jetildiru quraly retinde ğylymi–pedagogikalyq zertteu. [Scientific and pedagogical research as a tool for improving the educational process]*. - [in Kazakh].

Dunaeva N.I., Gordeeva P.A. (2022). Soprotivljaemost' studentov s invalidnost'ju i ogranichennymi vozmozhnostjami zdorov'ja destruktivnoj agressii v hode social'no-psihologicheskogo soprovozhdenija. [Resistance of students with disabilities and health limitations to destructive aggression in the course of social and psychological support]. *Prikladnaja juridicheskaja psihologija*, 3(60), 98-105. - [in Russian].

Kantor V.Z., Proekt İu.L. (2021). Inkluzivnyj obrazovatel'nyj process v vuze: teoretiko-jeksperimental'naja model' psihologicheskoy gotovnosti prepodavatelej. [Inclusive educational process at the university: Theoretical and experimental model of teachers' psychological readiness], *Obrazovanie i nauka*, 23(3), 156–182 s. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2021-3-156-182>. - [in Russian].

Karpushkina, N.V., Kisova, V.V., Koneva I.A., Kochneva, E.M., Kudryavtsev, V.A., Rossova, Y.I., Fedoseeva, N.V. (2019). Modeling of Psychological Support of Persons with Disabilities at the University. *International Journal of Psychosocial Rehabilitation*, Vol. 23, Issue 03, 841-848, <https://doi.org/10.61841/1e6mey61>. - [in Russian].

Kasymbekova M.D., Mandykaeva A.R. (2025). Erekeşe bılıм алушылардың жоғары бılıм беру üймдарындағы оқу жағдайларына әлеуметтік-психологиялық беімделуінің қиындықты. [Difficulties of socio-psychological adaptation of students with special educational needs in higher education institutions], «*Ğylym men bılımdegi innovasiyalar: jahandyq perspektivalar jáne jergılıktı şeşimder*» halyqaralyq ğylymi-täjiribelik konferensia materialdary, 218–221 b. Qyzylorda: Qyzylorda «Bolaşaq» universiteti. - [in Kazakh].

Kravchenko, O., Chupina, K., Kolyada, N., Safin, O., & Bondarenko, H. V. (2021). Psychological and pedagogical support of students with special educational needs in a higher education institution. In *Advances in Human Factors and Ergonomics in Healthcare and Medical Devices* (pp. 299-306). Springer. https://doi.org/10.1007/978-3-030-80744-3_37. - [in Russian].

Markelova İu.İ., Malygin A.A., Voronova T.A. (2016). Formirovanie gotovnosti studentov k rabote v sisteme distansionnogo obuchenia detej s ogranichennymi vozmozhnostjami zdorövä. [Formation of students' readiness to work in the system of distance learning for disabled children]. *Obrazovanie i nauka*, 10, 133–150 c. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2016-10-133-150>. - [in Russian].

Molokova O.A. (2015). Psihologicheskaja diagnostika adaptasii studentov k obucheniu v vuze. [Psychological diagnostics of students' adaptation to university studies]. *Obrazovanie i nauka*, 10, 146–156 s. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2015-10-146-156>. - [in Russian].

Movkebaeva, Z.A., Ahmetova, A.E. (2021). Sozdanie uslovi dlä obuchenia studentov s invalidnostü v kazahstanskikh vuzah. [Creating conditions for teaching students with disabilities in Kazakhstani universities]. *Vestnik KazNPU im. Abaia, seria «Pedagogicheskie nauki»*, 4(72), 60–69 b. <https://doi.org/10.51889/2021-4.1728-5496.07>. - [in Russian].

Orazaeva, G.S., Lihodedova, L.N. (2024). Arnaiy pedagogterdñ küizeliske tözımdılık mäselesi. [The issue of stress resistance among special education teachers]. *Abai atyndağy QazĖPU Habarşysy. Psihologia seriasy*, 2(79), 275–287 b. <https://doi.org/10.51889/2959-5967.2024.79.2.026>. - [in Kazakh]

Osmuk, L.A., Degtyareva, V.V., & Zhdanova, I.V. (2017). Modeling of socio-psychological support in the system of inclusive education in higher education institution: From the experience of Novosibirsk State Technical University. *Psychological Science and Education*, 22(1), 140-149. <https://doi.org/10.17759/pse.2017220116>. - [in Russian].

Sargsyan, L. (2024). Inclusive education as a factor of social integration of students. *Education in the 21st Century*, 6(2), 60–68 r. <https://doi.org/10.46991/educ-21st-century.v6.i2.60>. - [in Russian].

Vorobeva M.A. (2016). Sväz emosionälnoĖ intellekta i sindroma emosionälnoĖ vygorania u studentov. [Connection of emotional intelligence and emotional burnout of students]. *Obrazovanie i nauka*, 4(133), 80–94 s. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2016-4-80-94>. - [in Russian].

İakuşeva O.V. (2021). Psihologicheskoe soprovozhdenie studentov s ogranichennymi vozmozhnostjami zdorövä. [Psychological support for students with disabilities. *Pedagogical Education*]. *Pedagogicheskoe obrazovanie*. Vestn. Mosk. un-ta. Ser. 20, 3. - [in Russian].

Zorina E.E. (2018). Preodolenie barerov pri realizatsii inklüzivnogo obrazovania v vuze. [Eradicating the barriers to inclusive higher education]. *Obrazovanie i nauka*, 20(5), 165–184 s. <https://doi.org/10.17853/1994-5639-2018-5-165-184>. - [in Russian].

Qazaqstan Respublikasy Ğylym және жоғары білім министрінің. (2024). жоғары және (немесе) жоғары оқу орныннан кейінгі білім беру ұйымдарына берілген №4 бұйрығы. [Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan], <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2400033892>. - [in Kazakh]

Qazaqstan Respublikasy Үкіметінің. (2024). №1143 қаулысы. Qazaqstan Respublikasyндағы inklüzivті саіasattyñ тўжырымдамасын бекіту туралы. [Government of the Republic of Kazakhstan], <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2400001143>. - [in Kazakh]

Авторлар туралы мәлімет:

Касымбекова М.Д. – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің 8D03103-«Психология» білім беру бағдарламасының екінші курс докторанты, А. Янушкевич көшесі, 6, 010000, Астана, Қазақстан. E-mail: marjan_kasymbekova@mail.ru

Мандыкаева А.Р. – хат-хабар авторы, психология ғылымдарының кандидаты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің қауымдастырылған профессоры, А. Янушкевич көшесі, 6, 010000, Астана, Қазақстан. E-mail: mandykayeva_ar@enu.kz

Сведения об авторах:


Касымбекова М. Д. – докторант второго курса образовательной программы 8D03103-«Психология» Евразийского национального университета им.Л.Н. Гумилева, улица А.Янушкевича, 6, 010000, Астана, Казахстан. E-mail: marjan_kasymbekova@mail.ru

Мандыкаева А.Р. – автор для корреспонденции, кандидат психологических наук, ассоциированный профессор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, улица А.Янушкевича, 6, 010000, Астана, Казахстан. E-mail: mandykayeva_ar@enu.kz

Information about the authors:

Kasymbekova M.D. – second-year doctoral student of the educational program 8D03103-«Psychology», L.N. Gumilyov Eurasian National University, Yanushkevich Street, 6, 010000, Astana, Kazakhstan. E-mail: marjan_kasymbekova@mail.ru

Mandykayeva A.R. – corresponding author, Candidate of Psychological Sciences, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, A. Yanushkevich Street, 6, 010000, Astana, Kazakhstan. E-mail: mandykayeva_ar@enu.kz



КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАН ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚОРҒАНЫС МЕХАНИЗМДЕРІ МЕН КОПИНГ-СТРАТЕГИЯЛАРЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Б. Тайтелиева

*«Қазақстан Республикасында БҰҰ-ның жәрдемдестік қауымдастығы»
заңды тұлғалар бірлестігі, Астана, Қазақстан
Бұхара халықаралық университеті, Бұхара, Өзбекстан*

E-mail: taiteliyeva.a@gmail.com

Аңдатпа: Мақалада кәметке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтың психологиялық қыры қарастырылады. Мұндай мінез-құлықтың қалыптасуына әлеуметтік жағдаймен бірге жасөспірімнің ішкі психологиялық ерекшеліктері де ықпал етеді. Сондықтан құқық бұзушы жасөспірімдердің психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларын зерттеудің ғылыми әрі практикалық мәні бар.

Жұмыстың мақсаты кәметке толмаған құқық бұзушылардың психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларының ерекшеліктерін анықтау, сондай-ақ олардың өзара байланысын талдау болды.

Зерттеу материалы психодиагностикалық әдістемелері арқылы жиналды. Олар психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларды бағалауға мүмкіндік берді. Топтарды салыстыру және жиналған деректерді өңдеу салыстырмалы-талдамалық әрі статистикалық тәсілдермен жүргізілді.

Топтарды салыстыру проекция, ауыстыру, компенсация, регрессия және ығыстыру бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтарды анықтады. Эмоциялық копинг көрсеткіші құқық бұзушы топтардың бір бөлігінде болды, ал мінез-құлықтық копинг бақылау тобында жиірек байқалды. Корреляциялық талдау психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялардың өзара байланысты екенін көрсетті.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы - кәметке толмаған құқық бұзушылардың психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялары арасындағы байланысты эмпирикалық деректер негізінде бірге талдау. Алынған нәтижелер девиантты мінез-құлықтың психологиялық ерекшеліктерін нақтылайды. Және кәметке толмағандарды психологиялық

Түсті: 04.08.2026; Жөнделді: 17.08.2026; Мақұлданды: 06.09.2026; Онлайн қолжетімді: 18.09.2026

*Хат-хабар авторы

сүйемелдеу мен құқық бұзушылықтың алдын алу жұмысында пайдаланылуы мүмкін.

Түйін сөздер: кәмелетке толмаған құқық бұзушылар; психологиялық қорғаныс механизмдері; копинг-стратегиялар; девиантты мінез-құлық; психологиялық бейімдеу; әлеуметтік бейімделу; жасөспірімдер психологиясы.

Кіріспе

Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылық әлеуметтік немесе құқықтық мәселе ғана емес, жасөспірімнің психологиялық дамуына тікелей қатысты күрделі құбылыс. Құқыққа қайшы әрекет оның әлеуметтік ортаға бейімделуіне, тұлғалық қалыптасуына және кейінгі мінез-құлқына әсер етуі мүмкін. Сондықтан құқық бұзушылықтың сыртқы себептерімен қатар, жасөспірімнің әрекетін айқындайтын ішкі психологиялық тетіктерді де қарастыру қажет.

Соңғы жылдары құқық бұзушылықтың алдын алу мәселесі жасөспірімнің мінез-құлқын тек құқықтық немесе әлеуметтік жағынан бағалау жеткіліксіз екені айтылып жүр. Бірдей ортада тәрбиеленсе де, жасөспірімдердің қиындыққа төтеп беруі әртүрлі. Себебі әр баланың мәселені қабылдауы, сезімге берілуі және ішкі жігері бірдей емес. Сондықтан жасөспірімдердің теріс жолға түсу себебін тек сыртқы ортадан емес, ең алдымен олардың ішкі психологиялық ерекшеліктеріне назар аудару қажет.

Жасөспірімдік шақта адамның өзі туралы түсінігі, құндылықтары және қоршаған ортамен қарым-қатынас тәсілдері қайта қарала бастайды. Эмоциялық реакциялар күшейіп, дербестікке ұмтылу мен ересектерге тәуелділік қатар көрінуі мүмкін. Осындай ішкі қарама-қайшылықтар оның түрлі өмірлік жағдайларда қабылдайтын шешімдері мен мінез-құлқынан көрінеді.

Әлеуметтік талаптар, отбасындағы немесе құрдастарымен туындайтын қиындықтар және ішкі қайшылықтар кәмелетке толмағанға әртүрлі деңгейде қысым түсіреді. Мұндай жағдайда жасөспірім кейде эмоциялық шиеленісті байқамай әлсірететін психологиялық қорғанысқа жүгінсе, кейде мәселені саналы түрде шешуге бағытталған копинг-әрекеттерді қолданады.

Сырттай ұқсас көрінгенімен, бұл екі психологиялық құбылыстың атқаратын рөлі екі бөлек. Психологиялық қорғаныс адамның еркінен тыс, бейсаналы түрде іске қосылып, іштегі мазасыздықты уақытша ғана басса, копинг-стратегиялар жағдайды саналы түрде саралап, нақты әрекетке көшуді білдіреді. Осы айырмашылықты түсініп қана жасөспірімнің тығырыққа тірелгенде неліктен олай әрекет еткенін ұғынуға мүмкіндік береді.

Зерттеуде жасөспірімнің қиындыққа берген жауабы екі қырынан қарастырылды. Бір жағынан, ол жағымсыз тәжірибені өзгеге телу, мәселеден жалтару немесе эмоциялық қысымды басқа нысанға бұру арқылы ішкі шиеленісті уақытша азайтуы мүмкін. Екінші жағынан, проблеманы талдау, көмек іздеу және өз әрекетін бақылау сияқты саналы копинг-әрекеттері жағдайды шешуге бағытталады. Осы екі тәсілдің қайсысы басым екені ғана емес, олардың бір жасөспірімнің мінез-құлқында қалай үйлесетіні де маңызды болды. Мұндай үйлесім әлеуметтік бейімделу сипатына ықпал етуі мүмкін.

Қарастырылған еңбектерде девиантты және делинквентті мінез-құлықтың психологиялық алғышарттары кең талданады. Бірақ кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларының өзара байланысы жөніндегі эмпирикалық деректер аз. Қазақстандық жағдайда бұл мәселе әлі де жеткілікті зерттелмеген. Сондықтан осы зерттеуде аталған байланыс нақты топтардан алынған деректер негізінде талданды. Жергілікті тәжірибеде көбіне әлеуметтік жағдай мен құқықтық мәртебеге назар аударылады, ал ішкі реттеу тәсілдері кейде кейінге ысырылады.

Зерттеу аясында психологиялық қорғаныс механизмдерінің басым түрлері, қолданылатын копинг-стратегиялардың ерекшеліктері және олардың өзара байланысы талданды. Алынған нәтижелердің құқық бұзушы жасөспірімдерді психологиялық сүйемелдеу тәжірибесіндегі маңызы да қарастырылды.

Бұл мәселені зерттеудің ғылыми маңыздылығымен қатар, практикалық мәні де бар. Құқық бұзушы жасөспірімдердің психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялары туралы мәліметтер олардың әлеуметтік-психологиялық бейімделу ерекшеліктерін түсіндіруге және психологиялық

сүйемелдеу жұмысын жетілдіруге негіз болады. Сонымен бірге мұндай мәліметтер тәуекел тобындағы жасөспірімдерді ертерек анықтау және алдын алу жұмысын жоспарлау кезінде ескерілуі мүмкін.

Сондықтан зерттеуде тек топтарды бір-бірімен салыстырып қана қою мақсат етілген жоқ. Мұнда психологиялық қорғаныс пен копинг-стратегиялардың өзара байланысын бір тұтас жүйе ретінде қарастыруға басымдық берілді. Бұл тәсіл жасөспірімдердің қиындыққа қалай бейімделетінін жан-жақты бағалауға жол ашады әрі алынған нәтижелерді іс жүзінде түсіндіруді әлдеқайда жеңілдетеді.

Зерттеу болжамы екі бөліктен тұрды. Біріншіден, құқық бұзушы жасөспірімдердің психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялары заңға бағынатын құрдастарының көрсеткіштерінен ерекшеленеді деп болжанды. Екіншіден, қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар арасында статистикалық мәнді байланыстар болады деп күтілді.

Әдебиетке шолу

Жасөспірімдік кезең әлеуметтік, эмоциялық және тұлғаишілік өзгерістермен қатар жүреді. Осы шақта сыртқы талаптарға бейімделу мен ішкі психологиялық шиеленісті реттеу қалыпты дамудың маңызды шартына айналады. Психологиялық қорғаныс механизмдері тұлғаның эмоциялық тұрақтылығын сақтап, жағымсыз тәжірибенің әсерін азайтатын негізгі тетіктердің бірі ретінде қарастырылады (Vaillant, 1992; Cramer, 2006).

Белгілі психологтар Л.С. Выготский мен Л.И. Божович жасөспірімдік кезеңнің сипатын тұлғаның қайта құрылуымен, өзіндік сананың оянуымен және қажеттіліктердің өзгеруімен байланыстырады. Бұл жаста дербестікке, өзін көрсетуге және әлеуметтік ортадан өз орнын табуға ұмтылыс күшейеді. Егер жасөспірім осы сұраныстарын әлеуметтік қолайлы жолмен жүзеге асыра алмаса, эмоциялық тұрақсыздыққа бой алдырып, мінез-құлқында қиындықтар туындауы әбден мүмкін. Аталған өзгерістер жасөспірімнің сыртқы әсерлерге барынша сезімтал болуына себепші болады. Сондықтан осы шақта әлеуметтік ортадағы құбылыстар, қатарластарымен қарым-қатынас немесе отбасындағы түсініспеушіліктер оның тек эмоциясына ғана емес, тәртібіне де тікелей әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, жасөспірім шақ - психологиялық қорғаныс пен қиындықты еңсеру үшін ең маңызды кезең (Vygotsky, 1984; Bozhovich, 2008).

Психологиялық қорғаныс механизмдері туралы ғылыми түсініктер Зигмунд Фрейдтің психоаналитикалық теориясынан бастау алады. Ол бұл механизмдерді ішкі психикалық қайшылықтардан туындайтын мазасыздықты азайтатын бейсаналық тәсілдер деп көрсетті (Freud, 1923).

Анна Фрейд кейін осы тұжырымдаманы дамытып, қорғаныс механизмдерінің түрлерін жүйеледі және олардың тұлғаның психологиялық тұрақтылығын сақтаудағы рөлін нақтылады. Психологиялық қорғаныс механизмдері бастапқыда ішкі психикалық қайшылықтарды түсіндіретін ұғым ретінде қалыптасып, уақыт өте психологиядағы дербес зерттеу бағытына айналды (Freud, 1936).

Кейінгі зерттеулер психологиялық қорғанысты тұлғаның ішкі күйімен ғана емес, оның әлеуметтік мінез-құлқы және бейімделу ерекшеліктерімен де байланыстырады. Дж. Вайлант пен П. Крамер қорғаныс механизмдерінің эмоциялық тұрақтылықты сақтаудағы қызметін талдады. Кейін қорғаныс механизмдері психоанализ шеңберінен тыс та зерттеле бастады. Оларды тұлғаның күнделікті бейімделуімен, өмірдегі тәжірибесімен және әлеуметтік ортамен байланыстыра қарастыра бастады. Р. Плутчик пен Г. Келлерман олардың эмоциялық үдерістермен байланысына назар аударды. Жасөспірімдердің деструктивті мінез-құлқында проекция, регрессия, терістеу және ығыстыру тәрізді механизмдер жиірек кездесуі мүмкін. Олар ішкі шиеленісті уақытша әлсіреткенімен, тұрақты қолданылған жағдайда әлеуметтік бейімделуге кедергі келтіреді. Қорғаныс механизмдері тұлғаның дамуымен бірге өзгеріп отырады. Олардың көрінуі жасқа, өмірлік тәжірибеге және әлеуметтік ортаға тәуелді (Vaillant, 1992; Cramer, 2006; Plutchik & Kellerman, 1980).

Ю.А. Клейберг девиантты мінез-құлықты әлеуметтік орта мен тұлғаның психологиялық ерекшеліктерінің өзара ықпалы арқылы қарастырады. Оның пікірінің зерттеу үшін маңызды тұсы жасөспірімнің әрекетін бір ғана сыртқы себеппен шектемеуінде. Осыдан жасөспірімнің мінез-құлқын бір ғана фактормен түсіндіру жеткіліксіз екені байқалады. Қиын жағдайда таңдалатын әрекет тәсілі тұлғаның қорғаныс жүйесімен және әлеуметтік нормаларды қабылдауымен қатар алынады. Сондықтан

құқық бұзушы жасөспірімнің мінез-құлқын тек әлеуметтік жағдайлармен ғана емес, сонымен бірге ішкі психологиялық реттеу тәсілдерімен де байланыстыра талдау қажет (Kleiberg, 2001).

У. Бронфенбреннер, Л. Стейнберг және А. Мاستен жасөспірімнің бейімделуін әртүрлі деңгейде қарастырады. Бронфенбреннер әлеуметтік ортаның ықпалын алға шығарса, Стейнберг эмоциялық және мінез-құлықтық өзгерістерді жасөспірімдік кезеңнің даму ерекшеліктерімен байланыстырады. А. Мастен қолайсыз жағдайда ішкі ресурстар мен психологиялық тұрақтылықтың рөліне назар аударады. Осы талдауда аталған көзқарастар бір-біріне балама емес. Олар құқық бұзушы жасөспірімнің мінез-құлқына әсер ететін ортаны, жас ерекшелігін және тұлғалық ресурстарды бір мезгілде ескеруге мүмкіндік береді. Ғалымдардың тұжырымдары бір-бірін қайталамайды, керісінше, жасөспірім мінезін әр қырынан ашып, бірін-бірі толықтырады. Бір еңбектерде әлеуметтік ортаның әсеріне басымдық берілсе, өзге зерттеулерде тұлғаның әлеуеті алдыңғы қатарға шығады. Сондықтан зерттеуде аталған бағыттардың ешқайсысы шет қалмай, бәрі кешенді түрде ескерілді (Bronfenbrenner, 1979; Steinberg, 2014; Masten, 2014).

Осы еңбектер психологиялық қорғаныс механизмдерінің эмоциялық тұрақтылық пен мінез-құлықты реттеуге қатысатынын көрсетеді. Алайда құқық бұзушы жасөспірімдерде қай механизмдердің басым екені және олардың копинг-стратегиялармен қалай ұштасатыны толық ашылмаған. Эмпирикалық талдау дәл осы мәселелерді қарастыруға бағытталды (Vaillant, 1992; Cramer, 2006; Kleiberg, 2001).

Қиын жағдайда адам бейсаналық қорғаныспен ғана шектелмейді, мәселені шешуге бағытталған саналы әрекеттерді де қолданады. Мұндай әрекеттер копинг-стратегиялар деп аталады және күйзеліс кезінде мәселені еңсерудің саналы тәсілдерін қамтиды (Lazarus & Folkman, 1984; Endler & Parker, 1990).

Р. Лазарус пен С. Фолкман копингті адамның ішкі және сыртқы талаптарға бейімделу үшін жұмсайтын когнитивтік және мінез-құлықтық күш-жігері деп қарастырады. Мұнда психологиялық саулық тек күйзеліс деңгейімен өлшенбейді. Жағдайды қалай бағалау және оған қандай әрекетпен жауап беру де маңызды рөл атқарады. Сондықтан ұқсас жағдайға тап болған адамдар бірдей шешімге келе бермейді. Копинг-стратегиялар уақыт өте өзгеруі мүмкін, бір жасөспірім әртүрлі жағдайда бірдей әрекет етпеуі де ықтимал. Осыған орай копингті тұрақты қасиет емес, нақты жағдайға байланысты өзгертін психологиялық жауап тәсілі деп алған дұрыс (Lazarus & Folkman, 1984).

Н. Эндлер мен Дж. Паркер, Э. Скиннер және әріптестері, Б. Компас пен Э. Фрайденберг копингті әртүрлі жіктейді. Айырмашылықтарына қарамастан, олардың еңбектерінде копинг жағдайды бағалауды, эмоцияларды реттеуді және нақты әрекет ету тәсілдерін қамтитын күрделі үдеріс болып шығады. Жасөспірімнің таңдауы жеке ерекшеліктермен ғана шектелмейді. Оған жағдайдың мазмұны, ішкі ресурстар және қолжетімді әлеуметтік қолдау да әсер етеді (Endler & Parker, 1990; Skinner et al., 2003; Compas et al., 2001; Frydenberg & Lewis, 1993).

Копинг-стратегиялар әдебиетте шартты түрде адаптивті, салыстырмалы түрде адаптивті және адаптивті емес деп жіктеледі. Адаптивті стратегиялар проблеманы шешуге, әлеуметтік қолдау іздеуге және жағдайды конструктивті бағалауға бағытталса, адаптивті емес стратегиялар жауапкершіліктен қашу, агрессия, оқшаулану немесе қиындықты мойындамау арқылы көрінеді. Мұндай ерекшеліктер адамның әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы мен өзгелермен қарым-қатынасынан байқалады, ал копинг-стратегиялар тұлғаның ортаға бейімделу сипатын ашуға мүмкіндік береді (Skinner et al., 2003; Compas et al., 2001).

Құқық бұзушы жасөспірімдер туралы зерттеулерде эмоциялық реакцияларға сүйенетін, проблеманы тікелей шешуге кедергі келтіретін копинг-стратегиялар жиі көрсетіледі. Алайда мұндай үрдіс барлық жасөспірімде бірдей және тұрақты болып шықпайды. Стратегия таңдауы нақты жағдай мен қолжетімді ресурстарға қарай өзгеруі мүмкін (Compas et al., 2001; Frydenberg & Lewis, 1993).

Сондықтан құқық бұзушы жасөспірімдерді тек дезадаптивті стратегиялармен сипаттау жеткіліксіз. Кей зерттеулер олардың проблеманы шешуге бағытталған тиімді копинг тәсілдерін де қолданатынын анықтаған. Топтық нәтижелерді талдауда осы айырмашылық ескеріліп, жасөспірімдердің ішкі ресурстарына да назар аударылды (Skinner et al., 2003; Masten, 2014).

Психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар қиын жағдайдағы әрекеттің екі түрлі психологиялық қырын сипаттайды. Біріншісі көбіне бейсаналық деңгейде іске асса, екіншісі

саналы әрекетке жақын жүреді. Осы теориялық айырмашылық зерттеу құрылымын айқындауға негіз болды. Алдымен екі көрсеткіш тобы жеке-жеке салыстырылды, содан кейін олардың өзара байланысы эмпирикалық деректер арқылы тексерілді (Vaillant, 1992; Lazarus & Folkman, 1984; Cramer, 2006).

Әдебиеттерді талдау нәтижесінде құқық бұзушы жасөспірімдердің психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларын өзара байланыста қарастыру қажеттігі анықталды. Сонымен бірге бұл байланыстың нақты қалай көрінетіні туралы эмпирикалық деректер әзірге аз.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Эмпирикалық зерттеу 2024 жылы жүргізілді. Оған кәмелетке толмаған 163 ер жынысты респондент қатысты. Құқықтық мәртебесі мен тәрбиелену жағдайлары әртүрлі 106 жасөспірім негізгі зерттеу топтарына, ал қалған 57 респондент бақылау тобына енгізілді.

Зерттелушілер құқықтық мәртебесі мен тәрбиелену жағдайына қарай төрт топқа бөлінді. А тобына Шымкент қаласындағы Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау орталығының тәрбиеленушілері (n=26) енгізілді. Б тобы Шымкент қаласындағы Сабыр Рахимов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің курсанттарынан (n=48) құрылды. В тобына Шымкент қаласы Еңбекші аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған шартты түрде сотталған жасөспірімдер (n=32) кірді. Бақылау тобын Шымкент қаласындағы Ж. Аймауытов атындағы №64 мектеп-гимназиясында білім алатын, құқық бұзушылық жасамаған жасөспірімдер (n=57) құрады. Барлық респондент кәмелетке толмаған жаста болды. Зерттеуге тек ер жынысты жасөспірімдер енгізілді, себебі негізгі топтардағы контингент құрамы осылай қалыптасқан. Бұл іріктеме шешімі нәтижені түсіндіру кезінде ескерілді.

Төрт топтың зерттеуге енгізілуі кездейсоқ емес. Мұндай құрам құқықтық мәртебесі мен тәрбиелену жағдайы әртүрлі жасөспірімдерді бірдей әдістемелер бойынша салыстыруға және психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялардағы айырмашылықтарды нақтылауға қажет болды. Сонымен бірге бұл топтар құқық бұзушылық тәуекелі әртүрлі жасөспірімдердің психологиялық ерекшеліктерін бір зерттеу аясында салыстыруға мүмкіндік берді.

Психодиагностикалық жұмыс әр ұйымның өз базасында, күндізгі уақытта және шағын топтармен жүргізілді. Сауалнамаға дейін жасөспірімдерге зерттеудің мақсаты түсіндіріліп, жауаптардың құпия сақталатыны айтылды. Қатысу ерікті сипатта болды. Толтыру кезінде сұрақтарды өз бетінше оқуға және белгілеуге жеткілікті уақыт берілді. Алынған бланкілер кейін бірдей схема бойынша өңделді, сондықтан топтардың нәтижесін салыстыруға болады.

Эмпирикалық міндеттерге сай психодиагностикалық әдістемелер мен статистикалық талдау тәсілдері таңдалды. Әдістемелерді іріктеу кезінде олардың психологиялық зерттеулерде кең қолданылуы және зерттеу мақсатына сәйкестігі ескерілді. Психодиагностика әр жасөспірімнің психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларын бағалау үшін, ал статистикалық талдау төрт топтың айырмашылықтары мен көрсеткіштер арасындағы байланыстарды тексеру үшін қолданылды.

Психологиялық қорғаныс механизмдерін зерттеу үшін Г. Келлерман мен Р. Плутчик әзірлеген, Л.И. Вассерман бейімдеген «Өмір салты индексі» (Life Style Index, LSI) сауалнамасы пайдаланылды. Әдістеме терістеу, реактивті құрылым, ауыстыру, ығыстыру, регрессия, компенсация, проекция және интеллектуализация механизмдерінің көріну деңгейін бағалайды. Бұл әдістеме қорғаныс механизмдерінің салыстырмалы көріну деңгейін анықтауға мүмкіндік береді, сондықтан зерттеу міндетіне сәйкес таңдалды (Plutchik & Kellerman, 1980).

Копинг-стратегияларды зерттеу Э. Хаймның копинг-мінез-құлықты анықтау әдістемесі арқылы жүргізілді. Әдістеме қиын және стресс жағдайларында қолданылатын когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық копинг-стратегияларды бағалауға арналған (Heim, 1988). Оның көмегімен жасөспірімдердің қиын жағдайда қандай әрекет тәсілдерін басым таңдайтыны анықталды. LSI мен Хайм әдістемесі бірге қолданылуы кездейсоқ емес: біріншісі бейсаналық қорғаныс үрдістерін, екіншісі саналы еңсеру тәсілдерін бағалайды. Осылайша бір респонденттен екі көрсеткіш тобы алынып, кейін олардың өзара байланысы тексерілді. Эмпирикалық деректер математикалық-статистикалық өңдеуден өткізілді. Алдымен зерттелетін көрсеткіштердің жалпы сипатын анықтау үшін орташа мәндер (M) мен стандарттық

ауытқулар (SD) есептелді.

Топтар арасындағы айырмашылықтардың мәнділігін анықтау үшін бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) қолданылды. Психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар арасындағы өзара байланыстар корреляциялық талдау арқылы бағаланды. Таңдалған статистикалық әдістер арқылы зерттелген топтар арасындағы айырмашылықтар бағаланып, психологиялық көрсеткіштердің өзара байланысы талданды.

Нәтижелер және оларды талқылау

Нәтижелерді талдау екі кезеңнен тұрды. Алдымен төрт топтың психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялары бір факторлы дисперсиялық талдау арқылы салыстырылды. Одан кейін осы көрсеткіштердің өзара байланысы корреляциялық талдаумен тексерілді. Топтық айырмашылықтарды бағалау кезінде кестелерде берілген F және p мәндері негізге алынды. Бұл тәсілдер арасындағы айырмашылықтардың қай көрсеткіштер бойынша байқалатыны ғана емес, олардың статистикалық тұрғыдан қаншалықты сенімді екенін де бағалауға мүмкіндік берді.

Бірінші кезеңде сегіз психологиялық қорғаныс механизмі қарастырылды. Олардың әрқайсысы төрт зерттеу тобы бойынша жеке талданды. Нәтижесінде алты механизм бойынша топтық айырмашылық статистикалық мәнді деңгейге жетті. Реактивті құрылым мен интеллектуализация бойынша айырмашылық байқалған жоқ. 1-кестеде психологиялық қорғаныс механизмдері бойынша жүргізілген салыстыру нәтижелері берілген.

Кесте 1

Психологиялық қорғаныс механизмдері көрсеткіштері бойынша бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) нәтижелері (N=163)

Қорғаныс механизмі	А	Б	В	Бақылау тобы	F	p
Терістеу	64,23	65,10	71,04	57,53	3,555	0,016
Реактивті құрылым	38,46	43,54	48,85	49,82	1,524	0,211
Ауыстыру	56,77	56,52	22,15	46,98	17,030	0,001
Ығыстыру	57,04	54,85	42,04	45,21	6,577	0,001
Регрессия	48,65	47,02	25,46	50,65	10,382	0,001
Компенсация	56,15	62,71	39,62	52,98	9,003	0,001
Проекция	64,96	59,69	30,38	59,63	17,068	0,001
Интеллектуализация	61,58	64,81	69,19	60,65	1,556	0,203

Ескертпе:

А тобы - Шымкент қаласындағы Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау орталығының тәрбиеленушілері (n=26);

Б тобы - Шымкент қаласындағы Сабыр Рахимов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушілері (n=48);

В тобы - Шымкент қаласы Еңбекші аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған шартты түрде сотталған жасөспірімдер (n=32);

Бақылау тобы - Шымкент қаласындағы Ж. Аймауытов атындағы № 64 мектеп-гимназиясының оқушылары (n=57).

F - бір факторлы дисперсиялық талдаудағы (ANOVA) Фишер критерийінің мәні;

p - статистикалық маңыздылық деңгейі.

1-кестедегі деректер психологиялық қорғаныс механизмдерінің төрт топта бірдей деңгейде көрінбейтінін көрсетті. Айырмашылық барлық механизмдерде бірдей байқалған жоқ. Кейбір көрсеткіштер

зерттелген топтарды анық ажыратса, кейбірінде мұндай айырмашылық байқалмады. Сондықтан әр механизмнің нәтижесі жеке қарастырылды. Статистикалық мәнді айырмашылықтар терістеу, ауыстыру, ығыстыру, регрессия, компенсация және проекция бойынша анықталды. Әр механизмдегі топтардың орналасуы бірдей болған жоқ.

Терістеу механизмі В тобында ең жоғары болды, оның орташа мәні -71,04ті құрады. А және Б топтарында тиісінше 64,23 және 65,10 көрсеткіштері тіркелсе, бақылау тобында бұл мән 57,53 болды. ANOVA нәтижесі аталған айырмашылықтың статистикалық мәнді екенін көрсетті.

Проекция бойынша басқа көрініс байқалды. А тобындағы орташа мән 64,96, Б тобында 59,69, ал бақылау тобында 59,63 болды. В тобында проекция көрсеткіші -30,38ге дейін төмендеді. Топтар арасындағы айырмашылық бұл жағдайда да статистикалық мәнді болды.

Терістеу мен проекцияның топтарда бір бағытта өзгермеуі назар аудартады. В тобында терістеу ең жоғары деңгейде болғанымен, проекция ең төмен деңгейде тіркелді. Демек, құқық бұзушы жасөспірімдердің психологиялық қорғаныс ерекшеліктерін барлық топқа ортақ бір ғана үлгімен сипаттау жеткіліксіз. Әр топта жағымсыз тәжірибені жоққа шығару және өз әрекетінің себептерін сыртқы жағдайлармен байланыстыру үрдістері әртүрлі үйлескен.

Ауыстыру механизмі бойынша А және Б топтарының көрсеткіштері өзара жақын болды, тиісінше 56,77 және 56,52. В тобында ол -22,15ке дейін төмендеді, ал бақылау тобында 46,98 болды. *Компенсацияның* ең жоғары мәні Б тобында 62,71, ең төмен мәні В тобында 39,62 болды. А тобы мен бақылау тобындағы көрсеткіштер 56,15 және 52,98 деңгейінде тіркелді. Ауыстыру және компенсация бойынша айырмашылықтар статистикалық мәнді болды.

Бұл екі механизм эмоциялық шиеленісті реттеудің мазмұны жағынан әртүрлі тәсілдерін сипаттайды. Ауыстыру кезінде жағымсыз эмоция қауіпсіздеу объектіге бағытталуы мүмкін. Компенсация адамның өзіндегі қиындықтың орнын басқа саладағы жетістікпен толтыруға ұмтылуынан көрінеді. Кестедегі дерек ауыстыру мен компенсация механизмдерінің топтар арасында бірдей емес екенін көрсетеді. Бұл екі механизмнің көріну деңгейі топтардың психологиялық ерекшеліктері бір бағытта өзгермейтінін байқатады. Сондықтан эмоциялық шиеленісті реттеу тәсілдері де барлық құқық бұзушы жасөспірімдерде бірдей деп айтуға болмайды.

Регрессияның ең жоғары көрсеткіші бақылау тобында 50,65 болды. А және Б топтарында ол 48,65 және 47,02 деңгейінде, ал В тобында 25,46 деңгейінде тіркелді. Ығыстыру көрсеткіші А тобында 57,04, Б тобында 54,85, В тобында 42,04 және бақылау тобында 45,21 болды. Екі механизм бойынша да топтық айырмашылықтар статистикалық мәнді. Бұл нәтиже қиын жағдайда эмоциялық реакцияларға көбірек сүйену барлық құқық бұзушы топқа бірдей тән емес екенін көрсетеді. Яғни құқық бұзушы жасөспірімдерді біртекті психологиялық топ ретінде сипаттау бұл нәтижелерге толық сәйкес келмейді. Топтар арасындағы айырмашылықтар олардың құқықтық мәртебесімен қатар тәрбиелеу жағдайының да ықпалын көрсетуі мүмкін.

Реактивті құрылым мен интеллектуализация бойынша статистикалық мәнді айырмашылық анықталған жоқ. Сондықтан осы екі механизмді зерттелген топтарды тұрақты түрде ажырататын көрсеткіш ретінде түсіндіруге негіз жеткіліксіз. Олардың орташа мәндері топтарда жақын болғанымен, бұл механизмдер мүлде маңызсыз деген қорытынды жасауға болмайды. Тек осы зерттеу аясында олар топтарды сенімді ажыратпады.

1-кестеде барлық құқық бұзушы топқа ортақ бірыңғай қорғаныс профилі байқалмады. Айырмашылық жалпы жоғары немесе төмен деңгейден емес, жекелеген механизмдердің әр топта өзгеше үйлесуінен көрінді. Келесі кезеңде когнитивтік, эмоциялық және мінез-құлықтық копинг-стратегиялардың төрт топтағы көрсеткіштері салыстырылды.

Кесте 2

Кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың копинг-стратегиялары көрсеткіштері бойынша бір факторлы дисперсиялық талдау (ANOVA) нәтижелері (N=163)

Копинг-стратегия	А	Б	В	Бақылау тобы	F	p
Когнитивтік	1,35	1,43	1,26	1,55	2,032	0,112
Эмоциялық	2,31	2,42	2,75	2,23	4,983	0,003
Мінез-құлықтық	1,06	1,18	1,16	1,42	3,457	0,018

Ескертпе: А тобы - Шымкент қаласындағы Кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау орталығының тәрбиеленушілері (n=26);

Б тобы - Шымкент қаласындағы Сабыр Рахимов атындағы республикалық «Жас ұлан» мектебінің тәрбиеленушілері (n=48);

В тобы - Шымкент қаласы Еңбекші аудандық пробация қызметінің есебінде тұрған шартты түрде сотталған жасөспірімдер (n=32);

Бақылау тобы - Шымкент қаласындағы Ж. Аймауытов атындағы № 64 мектеп-гимназиясында білім алатын, құқық бұзушылық жасамаған жасөспірімдер (n=57).

F - бір факторлы дисперсиялық талдаудағы (ANOVA) Фишер критерийінің мәні;

p - статистикалық маңыздылық деңгейі.

Бақылау тобында когнитивтік копинг-стратегиялардың орташа көрсеткіші 1,55 болды. Б тобында бұл мән 1,43, А тобында 1,35, ал В тобында 1,26 болды. Орташа мәндер арасында белгілі бір айырмашылық байқалғанымен, ANOVA нәтижесі оның статистикалық мәнді екенін растаған жоқ. Сондықтан зерттелген топтардың қиын жағдайды танымдық тұрғыдан бағалау ерекшеліктері тұрақты түрде өзгеше деп айтуға негіз жеткіліксіз. Бұл нәтиже құқық бұзушы жасөспірімдердің жағдайды мүлде түсінбейді немесе бағаламайды дегенді білдірмейді. Керісінше, танымдық деңгейдегі айырмашылық басқа копинг түрлеріне қарағанда әлсіздеу болып шықты.

Эмоциялық копинг-стратегияларда өзге көрініс байқалды. Ең жоғары көрсеткіш В тобында 2,75 деңгейінде тіркелді. Б тобындағы мән 2,42, А тобында 2,31, бақылау тобында 2,23 болды. Топтық айырмашылық статистикалық мәнді. Бұл эмоциялық реакцияларға сүйену барлық топқа бірдей байқалмағанын көрсетеді. Ол шартты түрде сотталған жасөспірімдерден құралған В тобында айқынырақ көрінді.

Мінез-құлықтық копинг-стратегиялардың ең жоғары орташа мәні бақылау тобында 1,42 болды. Негізгі зерттеу топтарында көрсеткіштер төменірек: Б тобында 1,18, В тобында 1,16 және А тобында 1,06. Топтық айырмашылық статистикалық мәнді болып шықты. Бақылау тобындағы жоғары көрсеткіш бұл топтағы жасөспірімдердің қиындыққа нақты әрекет ету арқылы көшуге бағытталған тәсілдерін жиірек таңдағанын аңғартады. Ал негізгі топтардағы төмен мәндер белсенді әрекет стратегияларының салыстырмалы түрде сирек таңдалғанын көрсетеді.

Үш көрсеткішті қатар қойғанда олардың бағыты бірдей болмағаны көрінеді. Яғни копинг-стратегиялардың барлық түрі бір бағытта өзгерген жоқ. Бұл олардың әрқайсысы қиын жағдайға бейімделудің әртүрлі психологиялық қырын сипаттайтынын байқатады. Когнитивтік деңгейдегі айырмашылық статистикалық мәнді емес. Эмоциялық копинг В тобында, ал мінез-құлықтық копинг бақылау тобында жоғары болды. Демек, зерттелген топтар қиындықты танымдық бағалау жағынан жақын болғанымен, эмоциялық жауап пен нақты әрекетке көшу жағынан ерекшеленді.

Топтарды салыстыру копинг-стратегиялардағы айырмашылықтарды көрсетті. Алайда олардың психологиялық қорғаныс механизмдерімен қалай байланысатыны бөлек талдауды қажет етті. Осы мақсатта корреляциялық талдау жүргізілді.

Кесте 3

Психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар арасындағы статистикалық мәнді корреляциялық байланыстар

Қорғаныс механизмі	Копинг-стратегия	Байланыс бағыты	p
Проекция	Протест	Оң	≤0,05
Ауыстыру	Протест	Оң	≤0,01
Проекция	Эмоцияларды басу	Теріс	≤0,01
Ығыстыру	Алаңдату	Оң	≤0,05
Компенсация	Эмоциялық разрядка	Оң	≤0,05
Гиперкомпенсация	Алаңдату	Оң	≤0,05

Ығыстыру мен алаңдату арасында оң байланыс болды. Қиын немесе жағымсыз тәжірибені санадан алыстатуға бейімділік назарды басқа әрекетке бұрумен қатар байқалды. Компенсация эмоциялық разрядкамен оң байланыс көрсетті. Бұл бір саладағы қиындықтың орнын басқа әрекетпен немесе жетістікпен толтыруға ұмтылудың эмоциялық шиеленісті сыртқа шығарумен қатар жүретінін аңғартады. Мұндай байланыс екі көрсеткіштің де бір мезгілде байқалуы мүмкін екенін көрсетеді. Ұқсас байланыс гиперкомпенсация мен алаңдату арасында да байқалды. Басқаша айтқанда, жасөспірім ішкі қиындықты күшейтілген әрекет арқылы өтеуге ұмтыла отырып, назарын проблеманың өзінен уақытша басқа әрекетке аударуы мүмкін.

Проекция мен протест арасындағы оң байланыс жағымсыз тәжірибені сыртқа телу үрдісінің қарсылық немесе наразылық реакциясымен қатар келуі мүмкін екенін көрсетеді. Ауыстыру мен протесттің оң байланысы да осыған жақын: эмоциялық қысымды басқа нысанға бұру қарсылық әрекетімен бірге байқалуы ықтимал. Ал проекция мен эмоцияларды басу арасындағы теріс байланыс өзгеше сипат береді. Жағымсыз сезімді өзгеге телу күшейген сайын, эмоцияны ішке тұншықтыру үрдісі әлсіреуі мүмкін. Бұл жұптар бір үлгіге салынбайды, әрқайсысы жеке түсіндіруді керек етеді.

Корреляциялық талдау статистикалық мәнді байланысты көрсетті. Оның бесеуі оң, біреуі теріс бағытта болды. Мұндай әркелкілік әр жұпты жеке түсіндіруді талап етеді. Бұл байланыстар психологиялық қорғаныс механизмдері мен саналы еңсеру тәсілдерінің бір-бірінен тәуелсіз қарастырылмайтынын аңғартады. Бұл жерде корреляция себеп-салдарлық қатынасты емес, көрсеткіштердің өзара байланысын сипаттайды.

Дисперсиялық және корреляциялық талдау екі бөлек сұраққа жауап берді. Жасөспірімнің қиындыққа жауабын тек қорғаныс механизмі немесе копинг-стратегия арқылы зерттеу деректерін толық ашпайды. Біріншісі топтар арасындағы айырмашылықты, екіншісі көрсеткіштердің өзара байланысын ашты.

Топтарды салыстыру мен корреляциялық талдау бір-бірін толықтыратын екі нәтиже берді. Бірінші талдау проекция, ауыстыру, компенсация, регрессия және ығыстыру көрсеткіштерінің топтарға қарай әртүрлі болғанын көрсетті. Копинг-стратегиялар ішінде статистикалық мәнді айырмашылық эмоциялық және мінез-құлықтық деңгейлерде байқалды. Корреляциялық талдау осы көрсеткіштердің жекелеген жұптары өзара байланысты екенін анықтады. Жасөспірімнің қиындыққа жауабын тек қорғаныс механизмі немесе тек копинг-стратегия арқылы сипаттау зерттеу деректерін толық ашпайды.

Алынған мәліметтер Ю.А. Клейбергтің девиантты мінез-құлық әлеуметтік орта мен тұлғаның ішкі психологиялық ерекшеліктерінің өзара ықпалы жағдайында қалыптасады деген тұжырымымен сәйкес келеді. Клейберг ішкі реттеу механизмдерінің девиантты мінез-құлықтағы рөлін атап көрсеткен. Зерттеуде бұл пікір нақты топтық айырмашылықтармен толықтырылды. Психологиялық қорғаныстың жекелеген түрлері әлеуметтік бейімделуді бірден жақсартудан гөрі, эмоциялық шиеленісті қысқа уақытқа төмендетуге бағытталуы мүмкін (Kleiberg, 2001).

Копинг-стратегиялар бойынша шыққан нәтиже Лазарус пен Фолкманның стресс жағдайын еңсеру адамның жағдайды қалай бағалайтынына және қандай әрекет таңдайтынына байланысты деген көзқарасымен сабақтас. Бақылау тобында мінез-құлықтық копинг көрсеткішінің жоғары болуы қиындыққа нақты әрекет арқылы жауап беру тәсілдерінің осы топта жиірек қолданылғанын көрсетеді. Ал В тобындағы эмоциялық копингтің жоғары мәні, керісінше, қиындыққа жауап беру барысында эмоциялық реакциялардың жиірек байқалғанын көрсетеді. Бұл айырмашылықтар зерттелген топтарда стресс жағдайын еңсеру тәсілдерінің бірдей қалыптаспағанын нақтылайды (Lazarus & Folkman, 1984).

Проекция, ығыстыру және басқа қорғаныс механизмдерінің копинг-стратегиялармен байланысы Вайлант пен Крамер еңбектерінде сипатталған психологиялық қорғаныстың реттеуші қызметімен де үйлеседі. Қорғаныс механизмдері көбіне бейсаналық түрде іске қосылса, копинг-стратегиялар саналы әрекетке жақын. Зерттеу деректері осы айырмашылыққа қарамастан, олардың жасөспірімнің нақты қиын жағдайға жауабында қатар көрінуі мүмкін екенін көрсетеді (Vaillant, 1992; Cramer, 2006).

Нәтижелерді тек әлеуметтік бақылаудың әлсіздігімен немесе қолайсыз ортамен түсіндіруге болмайды. Іріктемеде әлеуметтік-құқықтық мәртебесі әртүрлі топтар ішкі реттеу тәсілдері бойынша да ерекшеленді. Сондықтан әлеуметтік жағдайды тұлғаның ресурстары және қиындықты еңсеру тәсілдерімен бірге қарастырған жөн. Мұндай түсіндіру Бронфенбреннердің әлеуметтік ортаның көпдеңгейлі ықпалы, Мاستеннің психологиялық тұрақтылық және Компас пен әріптестерінің жасөспірімдік копинг туралы еңбектерімен сабақтас (Bronfenbrenner, 1979; Masten, 2014; Compas et al., 2001).

Жұмыстың ғылыми жаңалығы төрт топтың деректерінде психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар арасындағы нақты байланыстарды қатар талдаудан көрінеді. Талдау топтық айырмашылықтармен шектелген жоқ: проекция, ауыстыру, ығыстыру, компенсация және гиперкомпенсацияның жекелеген копинг-стратегиялармен байланысы да қарастырылды. Бұл нәтиже профилактикалық және психокоррекциялық жұмыста жасөспірімдердің жеке психологиялық профилін ескеру қажеттігін нақтылайды.

Практикалық тұрғыдан қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларды бөлек бағалау жеткіліксіз. Жасөспірім қай қорғаныс механизміне жүгінетіні және қиындықты саналы түрде қалай еңсередіні бірге қарастырылғанда ғана оның бейімделу мүмкіндіктері толығырақ көрінеді. Бұл тәсілді тәуекел тобын ерте анықтау, жеке қолдау бағдарламаларын әзірлеу және психокоррекциялық жұмыстың бағытын айқындау кезінде пайдалануға болады. Сондай-ақ білім беру ұйымдарының психологтарына, әлеуметтік педагогтарға, пробация мамандары мен ювеналдық полиция қызметкерлеріне арналған практикалық жұмыста ескерілуі мүмкін. Бұл нәтижелер жасөспірімнің қиындыққа бейімделуін бір ғана психологиялық көрсеткіш арқылы бағалау жеткіліксіз екенін тағы бір рет көрсетті.

Қорытынды

Зерттеу нәтижелері кәмелетке толмаған құқық бұзушылардың қиындыққа жауабын әлеуметтік жағдайлармен ғана түсіндіру жеткіліксіз екенін көрсетті. Төрт топтың деректері психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялардың да маңызды екенін көрсетті. Сондықтан мінез-құлықты талдағанда эмоциялық шиеленіске жауап беру және қиындықты саналы түрде еңсеру тәсілдері қатар ескерілуі керек.

Эмпирикалық салыстыру психологиялық қорғаныс механизмдерінің зерттелген топтарда біркелкі көрінбегенін анықтады. Проекция, ауыстыру, компенсация, регрессия және ығыстыру көрсеткіштері бойынша статистикалық мәнді айырмашылықтар тіркелді. Реактивті құрылым мен интеллектуализацияда мұндай айырмашылық болған жоқ. Жекелеген топтардағы көрсеткіштердің бағыты да бірдей емес: бір механизмнің жоғары болуы басқа қорғаныс механизмдерінің міндетті түрде жоғары болуын білдірмейді.

Копинг-стратегиялардың үш деңгейі бойынша да бірдей нәтиже алынған жоқ. Когнитивтік копингте топтық айырмашылық статистикалық мәнді болмады. Эмоциялық копингтің ең жоғары көрсеткіші В тобында, ал мінез-құлықтық копингтің ең жоғары көрсеткіші бақылау тобында тіркелді. Бұл деректер барлық құқық бұзушы жасөспірімдерге ортақ бірыңғай копинг үлгісі жоқ екенін аңғартады.

Корреляциялық талдау психологиялық қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялар арасында

алты статистикалық мәнді байланыс бар екенін анықтады. Олардың бесеуі оң, біреуі теріс бағытта болды. Аталған байланыстар қорғаныс реакциялары мен саналы еңсеру тәсілдерінің өзара байланыста байқалатынын көрсетеді, бірақ себеп-салдарлық қатынасты дәлелдемейді. Сондықтан жасөспірімнің мінез-құлқын бағалау кезінде қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегияларды бір-бірінен бөлек қарастыру жеткіліксіз.

Практикалық тұрғыдан бұл нәтижелер тәуекел тобындағы жасөспірімдерді ерте анықтау мен жеке қолдау бағдарламаларын жоспарлауда маңызды. Психологиялық сүйемелдеу эмоциялық реакцияларды бақылаумен шектелмеуі керек. Белсенді және адаптивті копинг-стратегияларды дамыту да маңызды. Осындай жұмыс нақты зерттелушінің қорғаныс ерекшеліктері мен бейімделу мүмкіндіктеріне сүйенгенде ғана мазмұнды болады. Оқшаулау орталығындағы, пробация есебіндегі және арнаулы мектептегі жасөспірімдердің қорғаныс пен копинг үйлесімі бірдей емес екені осы зерттеуден көрінді. Сондықтан қолдау жұмысы топтың ортақ белгісіне емес, нақты зерттелушінің қорғаныс ерекшеліктері мен бейімделу мүмкіндіктеріне сүйенгенде ғана мазмұнды болады.

Зерттеудің шектеуі де бар. Іріктеме тек ер жынысты жасөспірімдерден құралды және бір қала аясында жиналды. Сондықтан нәтижені барлық кәмелетке толмағандарға бірдей жалпылауға болмайды. Келесі зерттеулерде жас пен жыныс құрамын кеңейтіп, қорғаныс механизмдері мен копинг-стратегиялардың уақыт өте қалай өзгеретінін қадағалау пайдалы болмақ.

Осылайша, құқық бұзушы жасөспірімнің қиын жағдайға жауабы бір ғана психологиялық механизммен анықталмайды. Қорғаныс реакциялары, саналы копинг тәсілдері және әлеуметтік жағдай өзара байланыста көрінеді. Осындай ерекшеліктерді ескеру психологтарға, әлеуметтік педагогтарға, пробация мамандары мен ювеналдық полиция қызметкерлеріне жасөспірімнің мінез-құлқын дәлірек бағалауға көмектеседі.

Мүдделер қақтығысы

Автор өзінің мүдделер қақтығысы жоқ екенін мәлімдейді.

Алғыс білдіру

Автор зерттеуге қатысқан ұйымдарға алғыс білдіреді.

Қаржыландыру

Зерттеу қаржыландырусыз жүргізілді.

Автордың үлесі

Автор зерттеу тұжырымдамасын әзірледі, эмпирикалық деректерді талдады және интерпретациялады, мақала мәтінін дайындап, оның соңғы нұсқасын бекітті.

Әдебиеттер

Compas, B. E., Connor-Smith, J. K., Saltzman, H., Thomsen, A. H., & Wadsworth, M. E. (2001). Coping with stress during childhood and adolescence. *Psychological Bulletin*, 127(1), 87–127. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.127.1.87>

Cramer, P. (2006). *Protecting the self: Defense mechanisms in action*. Guilford Press.

Endler, N. S., & Parker, J. D. A. (1990). Multidimensional assessment of coping: A critical evaluation. *Journal of Personality and Social Psychology*, 58(5), 844–854. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.58.5.844>

Frydenberg, E., & Lewis, R. (1993). *The Adolescent Coping Scale: Administrator's manual*. ACER Press.

Heim, E. (1988). Coping and psychosocial adaptation. *Journal of Mental Health Counseling*, 10(1), 136–144.

Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.

Plutchik, R., & Kellerman, H. (Eds.). (1980). *Emotion: Theory, research, and experience: Vol. 1. Theories of emotion*. Academic Press. <https://doi.org/10.1016/C2013-0-11313-X>

Skinner, E. A., Edge, K., Altman, J., & Sherwood, H. (2003). Searching for the structure of coping: A review and critique of category systems for classifying ways of coping. *Psychological Bulletin*, 129(2), 216–269. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.129.2.216>

Steinberg, L. (2014). *Age of opportunity: Lessons from the new science of adolescence*. Houghton Mifflin Harcourt.

Vaillant, G. E. (1992). *Ego mechanisms of defense: A guide for clinicians and researchers*. American Psychiatric Press. <https://doi.org/10.1176/appi.books.9798894550190>

Божович, Л. И. (2008). *Личность и ее формирование в детском возрасте*. Питер.

Бронфенбреннер, У. (1979). *Экология развития человека*. Прогресс.

Выготский, Л. С. (1984). *Собрание сочинений: В 6 т. Т. 4. Детская психология*. Педагогика.

Клейберг, Ю. А. (2001). *Психология девиантного поведения*. ТЦ Сфера.

Лазарус, Р. С., & Фолкман, С. (1984). *Стресс, оценка и копинг*. Медицина.

Фрейд, А. (2018). *Психология «Я» и защитные механизмы*. Питер.

Фрейд, З. (2021). *Я и Оно*. АСТ.

А.Б. Тайтелиева

ОЮЛ «Ассоциация содействия ООН в Республике Казахстан»,

Астана, Казахстан

Бухарский международный университет, Бухара, Узбекистан

Особенности механизмов психологической защиты и копинг-стратегий несовершеннолетних правонарушителей

Аннотация: В статье рассматривается психологический аспект правонарушений среди несовершеннолетних. На формирование такого поведения наряду с социальными условиями влияют и внутренние психологические особенности подростка. Поэтому изучение механизмов психологической защиты и копинг-стратегий правонарушителей-подростков имеет научное и практическое значение.

Цель работы - выявить особенности механизмов психологической защиты и копинг-стратегий несовершеннолетних правонарушителей и проанализировать взаимосвязь между ними.

Материал исследования собран с помощью психодиагностических методик. Они позволили оценить механизмы психологической защиты и копинг-стратегии. Сравнение групп и обработка данных проводились сравнительно-аналитическим и статистическим методами.

Сравнение групп выявило статистически значимые различия по проекции, замещению, компенсации, регрессии и вытеснению. Показатель эмоционального копинга был выше у ряда правонарушителей, тогда как поведенческий копинг чаще отмечался в контрольной группе. Корреляционный анализ показал взаимосвязь механизмов психологической защиты и копинг-стратегий.

Научная новизна исследования состоит в совместном анализе взаимосвязи механизмов психологической защиты и копинг-стратегий несовершеннолетних правонарушителей на основе эмпирических данных. Полученные результаты уточняют психологические особенности девиантного поведения и могут использоваться в психологическом сопровождении несовершеннолетних и в профилактике правонарушений.

Ключевые слова: несовершеннолетние правонарушители; механизмы психологической защиты; копинг-стратегии; девиантное поведение; психологическая адаптация; социальная адаптация; психология подростков.

A. Taiteliyeva

*Association for the Promotion of the United Nations
in the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan
Bukhara International University, Bukhara, Uzbekistan*

Features of psychological protection mechanisms and coping strategies of juvenile offenders

Abstract: The article examines the psychological aspect of juvenile offending. Along with social conditions, adolescents' internal psychological characteristics also influence the formation of such behavior. Therefore, studying the defense mechanisms and coping strategies of juvenile offenders is of both scientific and practical importance.

The aim of the study was to identify the features of psychological defense mechanisms and coping strategies among juvenile offenders and to analyze the relationship between them.

The research material was collected using psychodiagnostic methods. These methods were used to assess defense mechanisms and coping strategies. Group comparisons and data processing were carried out with comparative-analytical and statistical procedures.

The group comparison revealed statistically significant differences in projection, displacement, compensation, regression, and repression. The emotional coping score was higher in some offender groups, whereas behavioral coping was more pronounced in the control group. Correlation analysis showed that defense mechanisms and coping strategies are interrelated.

The scientific novelty of the study lies in the joint analysis of the relationship between defense mechanisms and coping strategies of juvenile offenders on the basis of empirical data. The findings clarify the psychological features of deviant behavior and may be used in psychological support for juveniles and in the prevention of offending.

Keywords: juvenile offenders; psychological defense mechanisms; coping strategies; deviant behavior; psychological adaptation; social adaptation; adolescent psychology.

References

- Bozhovich, L. I. (2008). *Lichnost' i ee formirovanie v detskom vozraste* [Personality and its formation in childhood]. Piter. [in Russian].
- Bronfenbrenner, U. (1979). *Ekologiya razvitiya cheloveka* [The ecology of human development]. Progress. [in Russian].
- Compas, B. E., Connor-Smith, J. K., Saltzman, H., Thomsen, A. H., & Wadsworth, M. E. (2001). Coping with stress during childhood and adolescence. *Psychological Bulletin*, 127(1), 87–127. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.127.1.87>
- Cramer, P. (2006). *Protecting the self: Defense mechanisms in action*. Guilford Press.
- Endler, N. S., & Parker, J. D. A. (1990). Multidimensional assessment of coping: A critical evaluation. *Journal of Personality and Social Psychology*, 58(5), 844–854. <https://doi.org/10.1037/0022-3514.58.5.844>
- Freud, A. (2018). *Psikhologiya «Ya» i zashchitnye mekhanizmy* [The ego and the mechanisms of defence]. Piter. [in Russian].
- Freud, S. (2021). *Ya i Ono* [The ego and the id]. AST. [in Russian].
- Frydenberg, E., & Lewis, R. (1993). *The Adolescent Coping Scale: Administrator's manual*. ACER Press.
- Heim, E. (1988). Coping and psychosocial adaptation. *Journal of Mental Health Counseling*, 10(1), 136–144.
- Kleiberg, Yu. A. (2001). *Psikhologiya deviantnogo povedeniya* [Psychology of deviant behavior]. TTs Sfera. [in Russian].
- Lazarus, R. S., & Folkman, S. (1984). *Stress, otsenka i koping* [Stress, appraisal, and coping]. Meditsina. [in Russian].
- Masten, A. S. (2014). *Ordinary magic: Resilience in development*. Guilford Press.
- Plutchik, R., & Kellerman, H. (Eds.). (1980). *Emotion: Theory, research, and experience: Vol. 1. Theories of emotion*. Academic Press. <https://doi.org/10.1016/C2013-0-11313-X>

Skinner, E. A., Edge, K., Altman, J., & Sherwood, H. (2003). Searching for the structure of coping: A review and critique of category systems for classifying ways of coping. *Psychological Bulletin*, 129(2), 216–269. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.129.2.216>

Steinberg, L. (2014). *Age of opportunity: Lessons from the new science of adolescence*. Houghton Mifflin Harcourt.

Vaillant, G. E. (1992). *Ego mechanisms of defense: A guide for clinicians and researchers*. American Psychiatric Press. <https://doi.org/10.1176/appi.books.9798894550190>

Vygotsky, L. S. (1984). *Sobranie sochinenii: V 6 t. T. 4. Detskaya psikhologiya* [Collected works: In 6 volumes. Vol. 4. Child psychology]. Pedagogika. [in Russian].

Авторлар туралы мәлімет:

Тайтелиева А.Б. – хат-хабар авторы, PhD докторант, Бұхара халықаралық университеті, Гиждуванская көш., 250, 200100, Бұхара, Өзбекстан.

«Қазақстан Республикасындағы БҰҰ-ға жәрдемдесу қауымдастығы» заңды тұлғалар бірлестігінің ғылым және халықаралық ынтымақтастық мәселелері жөніндегі бас сарапшысы, Ұлы Дала даңғ., 5/2 үй, 010000, Астана, Қазақстан. E-mail: taiteliyeva.a@gmail.com

Сведения об авторах:


Тайтелиева А.Б. - автор для корреспонденции; соискатель ученой степени PhD; специальность: «19.00.05 – Возрастная и педагогическая психология. Психология развития», Бухарский международный университет, ул. Гиждуванская, 200100, 250, г. Бухара, Узбекистан

Главный эксперт по вопросам науки и международного сотрудничества, ОЮЛ «Ассоциация содействия ООН в Республике Казахстан», пр. Ұлы Дала, д. 5/2, 010000, г. Астана, Республика Казахстан; E-mail: taiteliyeva.a@gmail.com

Information about the author:

Taiteliyeva A.B. – corresponding author; PhD candidate; specialty: 19.00.05 – Age and educational psychology. Development of Psychology. Bukhara International University, 250 Gijduvanskaya St., 200100, Bukhara, Uzbekistan

Chief Expert on Science and International Cooperation, Association for the Assistance of the United Nations in the Republic of Kazakhstan, Uly Dala ave., 5/2, 010000, Astana, Republic of Kazakhstan; E-mail: taiteliyeva.a@gmail.com



ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ БАЛАЛЫҚ ШАҚ ҚҰБЫЛЫСЫ- НЫҢ МӘДЕНИ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӨЗГЕРУІ

Н.С. Тленчиева¹ , Г.А. Қасен² , П.Т. Абдуллаева³ , Е.М. Есенқожа^{*4}

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

^{2,4}Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

³Ш.Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау, Қазақстан

E-mail: ¹nur1272@mail.ru, ²gulmira.kassen@mail.ru, ³asylym1982@mail.ru,
^{*4}enlikesen9@gmail.com

Аңдатпа. Мақалада цифрлық қоғамның қалыптасуы жағдайында балалық шақ феноменінің мәдени-психологиялық өзгеруі қарастырылады. Цифрлық технологиялардың балалардың күнделікті өміріне ерте және кеңінен енуі балалық шақтың әлеуметтену ерекшеліктерін түбегейлі өзгертуде. Осы өзгерістердің салдары ретінде цифрлық тәуелділік феномені мен оның баланың психикалық дамуына ықпалы өзекті ғылыми мәселе ретінде айқындалады.

Зерттеудің мақсаты – цифрлық орта жағдайында балалық шақтың мәдени-психологиялық трансформациясын анықтау және бастауыш сынып оқушыларының үлгісінде негізгі өзгеріске ұшырайтын құбылыстарды, атап айтқанда жетекші іс-әрекет құрылымының эволюциясын және балалардың ойлау үрдістерінің ерекшеліктерін кешенді талдау.

Зерттеуге Алматы қаласындағы жалпы білім беретін мектептердің 3–4 сыныптарында оқитын 103 оқушы қатысты. Эмпирикалық зерттеуде N.S. Hawi әзірлеген «Цифрлық тәуелділік шкаласы» және Э.П.Торренс шығармашылық ойлаудың бейнелік тестінің қысқартылған нұсқасы қолданылды. Алынған деректер SPSS for Windows бағдарламасында Манн–Уитни критерийі мен Спирменнің рангілік корреляция коэффициенті арқылы өңделді.

Зерттеу нәтижелері бастауыш мектеп жасындағы балалардың бір бөлігінде цифрлық тәуелділіктің қалыптасу қаупі бар екенін көрсетті. Цифрлық құрылғыларды шамадан тыс пайдалану мен дивергентті ойлаудың «икемділік» компоненті арасында статистикалық мәнді теріс байланыс анықталды. Сонымен қатар, цифрлық тәуелділіктің эмоционалдық жай-күйдің жақсаруы және отбасылық қарым-қатынастардағы қиындықтармен байланысы байқалды.

Нәтижесінде, алынған мәліметтер цифрлық құрылғыларды бақылаусыз қолдану бастауыш мектеп жасындағы балалардың танымдық және шығармашылық дамуына кері әсер етуі мүмкін екенін дәлелдейді

Түсті: 07.02.2026; Жөнделді: 20.03.2026; Мақұлданды: 20.05.2026; Онлайн қолжетімді: 18.09.2026

*Хат-хабар авторы

және балалардың цифрлық мінез-құлқын реттеу мен цифрлық мәдениетті қалыптастырудың маңыздылығын көрсетеді.

Түйін сөздер: балалық шақ, мәдени-психологиялық өзгерістер, цифрландыру, цифрлық трансформация, цифрлық тәуелділік, дивергентті ойлау, цифрлық мәдениет.

Кіріспе

Әрбір жаңа ұрпақ адамзат қол жеткізген мәдениет деңгейін қалыпты деп қабылдайды. Мысалы, бүгінде бала жас кезінен кез келген гаджетті, есейе келе теледидарды, бейне ойнатқыш пен компьютерді еркін пайдалана алады. Бала мұның бәрін шешілген мәселелер деп, бастапқы жағдай ретінде қабылдайды. Бұл қоғамдық мәдениеттің көрінісі. Яғни белгілі бір міндеттерді тұжырымдай отырып, баланың іс-әрекетіне арналған микромәдени алаңды қалыптастыру және соған бағытталған іс-әрекетті негіздейтін ересектердің нақты ортасы. Алайда қоғамдық мәдениет ортасының сипаттамаларына балалық шақ мәдениеті, ерекше өзіндік әлемі, заңдылықтары, өзіндік қарым-қатынастары, өз кеңістігі бар ерекше дүние де жатады.

Бүгінгі таңда балалық шақтың мәні, табиғаты, қоғамдағы балалық шақтың орнын қайта бағалау айқындалуда. Балалық шаққа деген әлеуметтік және ғылыми көзқарастар өзгеруде.

Балалық шақ — бұл жеке тұлғаның іргетасы қаланатын кезең ғана емес, сонымен қатар психологтар, педагогтар, саясаттанушылар, әлеуметтік қызметкерлер және әлеуметтанушылар зерттеуі қажет өзіндік құндылықтары, мәдениеті, инфрақұрылымы бар ерекше дүние. Ерекше әлеуметтік феномен ретінде балалық шақ — тарихи құбылыс. Қоғамның тарихи әр түрлі кезеңдерінде оның мазмұны мен құрылымы басқаша болды, соған сәйкес, ересек адамның балалық шаққа қатынасы да әртүрлі болады.

Сонымен қатар, бүгінгі таңда біздің алдымызда балалық шаққа қатысты белестердің өзгеруі байқалады. Бір жағынан, қоғамда чайлдфри и чайлдхейт сияқты қозғалыстар пайда болуда. Екінші жағынан, балаға деген бір кездері енжар көзқарастың орнын балацентризм, әрбір баланың жан дүниесінің құндылығы мен бірегейлігі идеялары өзгергенін көреміз. Яғни белгілі бір дәрежеде балалық шақ жоғары қасиетке ие болады. Ал мұндай жағдайлар құбылысты зерттеуге жаңа қызығушылық тудырады.

Аталған мақала аясында қарастырылатын мәселелер ауқымы кең және алуан түрлі: бұл тарихи контексте балалық шақ мәдениетінің эволюциясы; мәдениет категорияларының жалпы жүйесіндегі балалық шақтың орны; балалық шақтың антропологиясы; «балалық шақ кеңістігінің» сапасын қамтамасыз ету жағдайындағы мектеп, отбасы және әлеуметтендіру жүйесінің алдында тұрған заманауи міндеттер; балалық шақтың дәстүрлі моделінің дағдарысы; ақпараттық орта балалық шақтың әлеуметтенуі мен мәдениеті үшін жаңа мүмкіндіктер мен жаңа тәуекелдердің көзі ретінде; ХХІ ғасырдағы бала әлемінің бейнесіне бұқаралық ақпарат құралдарының, экран мәдениетінің әсері және т.б.. Бірақ біз мақаланың мақсатын нақтылап, «цифрлық дәуір» тудырған және балалық шаққа әсер еткен өзгерістерді талдап, жалпылауды жөн көрдік.

Зерттеу болжамы: бастауыш сынып оқушыларының цифрлық ортаға қатысуының жоғары деңгейі дивергентті ойлаудың дамуына тосқауыл қоятын жылдам ынталандыруға психологиялық тәуелділікті қалыптастырады деп болжануда. Бұл дайын визуалды үлгілер мен алгоритмделген ойын сценарийлерін тұтынудың белгісіздік жағдайында ойлаудың икемділігі мен өзіндік ерекшелігін төмендетіп, шешімдерді өздігінен іздеуді алмастыратындықтан болады.

Зерттеудің мақсаты - цифрлық ортадағы балалық шақтың мәдени-психологиялық трансформациясын анықтау және бастауыш сынып оқушыларының үлгісінде негізгі өзгертін құбылыстарды - жетекші іс-әрекет құрылымының эволюциясын және балалардың ойлау үрдістерінің ерекшеліктерін кешенді талдау.

Зерттеудің кезеңдері:

1. Бастауыш мектеп жасындағы балалардағы цифрлық тәуелділік деңгейін анықтау.
2. Дивергентті ойлаудың жекелеген компоненттерінің (икемділік) қалыптасу ерекшеліктерін бағалау.
3. Цифрлық тәуелділік көрсеткіштері мен дивергентті ойлау компоненттері арасындағы өзара байланысты талдау.

Балалық шақ феномені және оның мәндері: мәдени-психологиялық өзгерулер

Қоғам бүкіл тарихи кезеңінде өзінің мәдени-тарихи даму ерекшеліктеріне қарай балалық шаққа қатысты азды-көпті белсенді, ұйымдастырушы, қалыптастырушы, тиімді позицияны ұстанады. Балалық шақтың құбылысы ретінде өзіндік философиялық, тарихи, мәдени, психологиялық-педагогикалық негіздемесі бар. Тіпті ежелгі ойшылдардың өзі философиялық шығармаларына балалық шаққа, бала тәрбиесіне қатысты ой-толғауларын енгізген. Сондықтан Платонның «Мемлекет», Аристотельдің «Саясат» және «Этикадағы» пайымдаулары балалық шақ философиясы туралы алғашқы еңбектер болып табылады.

Орта ғасырларда бұл тақырыпты Августин Аврелий, Эразм Роттердамский, Қайта өрлеу дәуірінде – Леон Баттиста Альберти, Мишель де Монтень және т.б. Неміс философтары Георг Вильгельм Фридрих Гегель, Иммануил Кант, Карл Маркс, Людвиг Фейербах, Иоганн Готлиб Фихте, Фридрих Вильгельм Йозеф Шеллинг адамның кемелденуінің қайнар көзі мен негізі, отбасы және тәрбие ретіндегі шығармашылық іс-әрекет тақырыптарына да ой салды.

Ал «Балалық шақ» ұғымы дамудың жалпы кезеңі ретінде алғаш рет Ағарту дәуірінің отбасы педагогикасында, атап айтқанда Клод Адриан Гельвеций, Дени Дидро, Ян Амос Коменский, Януш Корчак, Джон Локк, Иоганн Генрих Песталоцци, Жан-Жак Руссо еңбектерінде қарастырылды, ал орыс педагогикасында К.Д. Ушинский, В.А. Сухомлинский және т.б. қарастырды.

Адам дамуының және тұтастай алғанда балалық шақтың мәдени мағыналары нақты тарихи-философиялық көзқарастың ережелерімен, атап айтқанда: Ф. Арис, П. Бюхнер, В. Вундт, К. Гроос, Л. Демоз М. Дюбуа-Реймонд, М. Кляйн, Л. Леви-Брюль, К. Леви-Стросс, М. Мид, Дж. Пиаже, З. Фрейд, Э. Фромм, Дж. Уйзинг, В. Штерн, И. Эйбл-Эйбесфельд, Э. Эриксон, К.-Г. Юнг, К. Ясперс және т.б. сияқты авторлармен ұсынылған.

Қазақстан аумағындағы балалық шақ мәселесін зерттеуге арналған мәдени дереккөздердің маңызды түрлерінің бірі – батырлық эпос және онымен тығыз байланысты ақындар – орта ғасырлардағы және жаңа дәуірдегі жыраулар шығармалары.

Қазақ халқының халық педагогикасының дамуына Қорқыт ата, Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұни, Махмұд Қашқари ерекше үлес қосты. Шөже, Шортанбай, Сүйінбай, Жамбыл, Сара, т.б. ақындар ел құрметіне бөленді.

Тарихи тұрғыдан балалық шақ ұғымы белгілі бір әлеуметтік мәртебемен байланысты. Көптеген қызықты деректерді француз демографы және тарихшысы Ф. Арис жинаған. Ол бірінші болып балалық шақ адам дамуының табиғи әмбебап кезеңі емес, әр дәуірде бірдей емес күрделі әлеуметтік және мәдени мазмұны бар ұғым екенін нақты көрсетті.

Бұл мәселені орыс мамандары да дамытты: тарих, психология, балалық шақ этнографиясы саласында, еуропалық мәдениеттің бастауларына, тарихнамасына және гуманитарлық білімнің әдіснамасы. Бұл зерттеушілерге мыналар жатады: Р.Г. Апресян, О.Ю. Артемова, В.Г. Бсзрогов, А.А. Белик, Л.С. Выготский, А.Я. Гуревич, С.Н. Иконникова, Г.А. Зверева, В.В. Зенковский, И.С. Кон, В.Т. Кудрявцев, Е.А. Куруленко, А.Р. Лурия, М.В. Осорина, Д.И. Фельдштейн, Ф.И. Шмит, Г.Г. Шпет және басқалар (Ларионова, 2014).

Балалық шақты ерекше зерттеушілердің бірі И.С. Кон атап көрсеткендей, қоғам өзінің балалық шағының заңдылықтарын түсінбестен өзін-өзі түсіне алмайды, ал ересектер мәдениетінің ерекшеліктері мен тарихын білмейінше балалық шақ әлемін түсіне алмайды. Ол «Балалық шақты тарихи социологиялық зерттеуде үш автономды аспектіні бөліп көрсетті:

1. Балалардың қоғамдағы орны, олардың әлеуметтік жағдайы, өмір салты, үлкендермен қарым-қатынасы, тәрбие мекемелері мен әдістері.
2. Мәдениет пен бұқаралық санадағы баланың символдық бейнелері.

3. Балалық шақ мәдениеті, баланың ішкі дүниесі, оның қызығушылықтарын бағдарлау, балалардың қоғамды қабылдауы, халық ауыз әдебиеті.

Бұл аспектілердің барлығы өзара байланысты және олардың әрқайсысы әртүрлі зерттеулердің нысаны бола алады (Кон, 1988).

Әлеуметтік-мәдени контексте балалық шақ туралы айта отырып, М.С. Каган (Солонин & Каган, 2007), балалық шаққа қатынастың екі деңгейін ажыратады: жеке-психологиялық және әлеуметтік-мәдени.

Философиялық, педагогикалық, әлеуметтанулық сөздіктерде балалық шақ туралы арнайы анықтама жоқ. Психологиялық сөздікте балалық шақ 1) онтогенездің бастапқы кезеңдерін (туғаннан жасөспірімдік жасқа дейін) білдіретін термин ретінде анықтама берілген; 2) өзіндік даму тарихы, нақты тарихи сипаты бар әлеуметтік-мәдени құбылыс. Балалық шақтың табиғаты мен мазмұнына қоғамның нақты әлеуметтік-экономикалық және этномәдени ерекшеліктері әсер етеді.

Д.И. Фельдштейн «Балалық шақтағы кеңістік-уақыттағы әлеуметтік даму» кітабында жалпылама атау – Балалық шақ – көбінесе әлеуметтік-практикалық, әлеуметтік-ұйымдастырушылық терминдерде қолданылатынын атап көрсетеді (Фельдштейн, 1997).

Соңғы жылдары зерттеулерде балалық шақта дүниені игерудің екі негізгі жолы бар деген пікір басым болды: ойын және алғашқы әлеуметтік маңызды тәжірибелерді қалыптастыру (Розин, 2014).

Осыған сәйкес қазіргі балалық шақ ұғымы Е.В. Бондаревская, С.В. Кульневич, тұлғаның психикалық дамуы мен қалыптасуындағы шешуші рөл идеясына негізделген. Сонымен қатар адамның барлық байлығы балалық шағында игеріледі деген пікір айтылады (Бондаревская & Кульневич, 1999).

Балалық шақ құбылысын түсіну мен қабылдауды, оған деген жеке және кәсіби қатынасты жүзеге асыруды қамтуы тиіс балалық шақ мәндерін зерттеу қажет. Ғылымда ашылған балалық шақ мағыналарының кейбірін қарастырайық.

1. Балалық шақ құндылық ретінде: балалық шақты құндылық ретінде түсіну эволюциясы адам танымындағы гуманистік тенденциялардың дамуымен байланысты.

2. Балалық шақ процесс ретінде: балалық шақ құбылысының бұл мағынасы оның қозғалуын, дамуын, жетілуін көрсетеді.

3. Кеңістік ретіндегі балалық шақ: балалық шақ өзінің «координаталық жүйесі» бар өсу кеңістігі: тереңдік, биіктік, қашықтық, нүктелер.

4. Балалық шақ мәдениет ретінде: мәдениетті тек қоғамда бар нормалардың, дәстүрлердің, стандарттардың жиынтығы деп түсінуге болмайды. Мәдениет шығармашылық тәжірибе түрінде де өмір сүреді және өзін көрсетеді.

5. Балалық шақ жалпылама пән ретінде: балалық шақ әрқашан ересектер әлеміне және өзіне деген қатынасымен сипатталады. «Бала-ересек» қарым-қатынасы бастапқыда қайшылықты қамтиды, оның негізінде тәрбие дәстүрлі түрде құрылады (Ларионова, 2014).

Осы жағдайларда балалық шақ мәселелеріне қызығушылық тек философиялық және мәдени сипатта ғана емес, сонымен қатар Ресей білім академиясының Балалық шақ, отбасы және тәрбие мәселелерін зерттеу институтының әріптестерінің пәнаралық зерттеулерінің негізгі үлесін алады (ИИДСВ РАО, 2018). Сондай-ақ соңғы жылдары қазіргі қоғам шындығын ескере отырып, балалық шаққа арналған оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдарды жасауда оң серпіліс байқалды (Абраменкова, 2017; Обухова, 2016).

Қазақстан Республикасында бұл зерттеу саласы да назардан тыс қалған емес. Бұл «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының зерттеулері мен жас ғалымдардың зерттеулері. Қазақтанудың ерекшелігін арнайы талдасақ, ең алдымен филологиялық аспектіге тоқталамыз (Умарова, 2012) және аз дәрежеде психологиялық (Ибраева, 2016).

Сондай-ақ бағдарламаларда әзірлемелер бар - жас балаларды оқыту (1 жастан 3 жасқа дейін) (Алғашқы қадам бағдарламасы, 2010); дарынды балалармен жұмысты ұйымдастыру (Дарынды балалар, 2015) және т.б.; балалық шақты ұйымдастыру бойынша әдістемелік материалдар (Үш тілдегі дидактикалық ойындар, 2013). 2014 жылдан бастап мектепке дейінгі ұйымдардың қызметкерлеріне бақытты, салауатты, оқиғалы балалық шақты ұйымдастыру бойынша тәжірибе алмасу мақсатында

практикалық материалдардан тұратын «Дана бала» республикалық ғылыми-ақпараттық әдістемелік журналы шығарылып келеді.

Цифрлық дәуір мен қоғамның қиындықтары

Біз цифрландыру ұғымын жиі естиміз, дегенмен «цифрлық трансформация» деген дұрысырақ. «Цифрлық трансформация» термині тек технология ғана емес, адамдардың цифрлық сауаттылығының жаңа деңгейге көтерілуімен байланысты ақпараттық технологиялар дамуының келесі кезеңін сипаттау үшін қолданылады. Цифрлық өзгерістер ақпаратты құру мен тұтынудың өзгерген парадигмасының салдары болып табылады.

«Цифрланған тұлға» анықтамасы мәдениет пен тұлғаны цифрландырудың қолайлы шекараларын талдауды талап етеді. Қазір дүние жүзіндегі ғалымдар «Сандық ортада адам миы өзгере ме? Ақпаратты тұтынудың шамадан тыс көп болуы не әкеледі? Неврология саласындағы зерттеулер қазіргі адамдардың зейінін шоғырландыру қиынға соғатынын, олардың шығармашылық қабілеті төмендегенін, коммуникативті дағдылардың нашарлап бара жатқанын көрсетеді (Величенкова & Лагутина, 2018).

Олар «цифрлық тәуелділік», «цифрлық деменция», «ақпараттық жалғандық» және «цифрлық аутизм» диагноздары туралы айта бастады (Курпатов, 2018).

Жоғарыда аталған қоғам мен адамдағы жаһандану өзгерістеріне байланысты жаңа терминдер пайда болды: «цифрлық мәдениет», «цифрлық қоғам», «цифрлық тұлға», «цифрлық ұрпақ», «цифрлық сәйкестік» т.б.

«Цифрлық тұлға» цифрлық технологиялардың қалыптасу дәуірінде дүниеге келген адам болып саналады. Бұл термин «мыңжылдық» сөзінің синонимі ретінде жиі пайдаланылады, дегенмен цифрлық жергілікті тұрғындарға мыңжылдықтар ғана емес - мысалы, Z соңғы буынының өкілдері де цифрлық әлемнің тумалары болып табылады. Сондай-ақ, мыңжылдықтардың барлығы цифрлық ұлтқа жатпайды, өйткені көптеген адамдар коммуникациялық технологияларға қол жеткізе алмай өсті.

Мәдени құндылықтарды түсіну аспектісіндегі «цифрлық сәйкестік» жаңа тұжырымдамасы Я. Пекникованың мақаласында қарастырылған (Пекникова, 2018).

Сонымен қатар, халықаралық ғылыми зерттеулер цифрлық ортаның балалар мен жасөспірімдердің психологиялық дамуына ықпалын кеңінен талдайды. Бірқатар авторлар экран алдында өткізілетін уақыттың артуы балалардың психологиялық әл-ауқатының төмендеуімен, әлеуметтік өзара әрекеттесу ерекшеліктерінің өзгеруімен және мінез-құлықтық тәуелділік формаларының қалыптасуымен байланысты болуы мүмкін екенін атап өтеді (Twenge & Campbell, 2018; Odgers & Jensen, 2020). Зерттеулерде әлеуметтік желілер мен цифрлық коммуникация құралдарының белсенді қолданылуы тұлғаның өзіндік қабылдауына, өзіндік бағалауына және әлеуметтік сәйкестік қалыптасуына әсер ететіні көрсетілген (Kuss & Griffiths, 2017; Valkenburg & Peter, 2011). Сонымен қатар интернет кеңістігіндегі тәжірибе балалар мен жасөспірімдердің әлеуметтену процестеріне, құрдастарымен қарым-қатынасына және олардың психологиялық дамуына ықпал ететін маңызды факторлардың бірі ретінде қарастырылады (Livingstone & Helsper, 2018; Przybylski & Weinstein, 2017).

Цифрлық қоғамды қалыптастыру жағдайында балалық шақтың түбегейлі өзгерістері

Біз қазірдің өзінде цифрлық әлемде өмір сүріп жатырмыз: біз ұялы телефондармен жүреміз, әлеуметтік желілерге кіреміз, банк карталарымен төлейміз, онлайн транзакциялар жасаймыз және т.б. Біздің қызметіміздің барлық «іздері» электронды кеңістікте қалады; осы деректерге сүйене отырып, жеке қасиеттерді, қажеттіліктерді, қоршаған ортаны, тіпті физиологиялық денсаулықты цифрлауға болады.

Өткен ғасырдың соңында Ю. Масуда ақпараттық технологиялар саласындағы бірқатар жаңалықтардың барлық адамдарды өз қалауы мен еркінен тыс ақпаратты тұтынушыға айналдыратын әсерін атап көрсетті (Масуда, 1997).

Сондай-ақ технологияның адам эволюциясына әсері туралы мәселелерді С. Лем «Технологиялар жиынтығы» (1962) философиялық-футурологиялық трактатында көтерген. Оның кітабында технологиялық және материалдық шектеулерден байланыссыз жағдайында өркениеттің қызмет етуіне байланысты ғылыми-техникалық, моральдық-этикалық және философиялық мәселелерге болжамдық талдау жасалған (Лем, 2018).

Сол жылдары фантастика тақырыбына айналған Лем көтерген көптеген мәселелер – виртуалды шындық, нанотехнология, жасанды интеллект – «Технологиялар жиынтығы» бірінші жарияланғаннан кейін 30-40 жылдан кейін өзекті және белсенді санатқа көшті.

Қазіргі ғылыми зерттеулерде цифрлық медианың балалар мен жасөспірімдердің психологиялық дамуына әсері кеңінен талқылануда. Зерттеушілер цифрлық технологиялардың ерте жастан бастап қолданылуы балалардың когнитивтік даму ерекшеліктеріне, әлеуметтік өзара әрекеттесуіне және тұлғалық қалыптасуына ықпал ететінін атап өтеді (Valkenburg & Piotrowski, 2017; Livingstone, 2019). Сонымен қатар цифрлық медиа ортасының кеңеюі балалардың ақпаратты қабылдау тәсілдерін, коммуникативтік тәжірибесін және әлеуметтік байланыстарының құрылымын өзгертуі мүмкін екені көрсетіледі (Boyd, 2014; Turkle, 2017). Кейбір авторлар цифрлық коммуникацияның белсенді таралуы тұлғааралық қарым-қатынас формаларының трансформациясына және жаңа әлеуметтік тәжірибелердің қалыптасуына әкелетінін атап өтеді (Subrahmanyam & Šmahel, 2011; Greenfield, 2014).

Жеке тұлғаның дамуының барлық нұсқалары мен ерекшеліктерімен кемелдену белгілі бір нақты мүмкіндіктермен анықталады, ол жас бойынша ғана емес, сонымен қатар белгілі бір қоғамдағы балалық шақтың әлеуметтік жағдайын анықтайтын функционалдық байланыстардың өзара әрекеттесуінің бүкіл жүйесімен анықталады (Гэйбл, 2019).

1-кестеде біз классикалық баламаны ғылыми негізделген және бала психикасына оң әсер ететін жетекші іс-әрекеттерді цифрландыру және трансформациялау нысандарын көрсету арқылы өсіп келе жатқан жеке тұлғаның даму қаупін көрсетуге тырыстық.

Кестеден көріп отырғанымыздай, баланың ересек адаммен қарым-қатынасының түрленуімен қатар, балалардың құрдастарымен және басқа балалармен қарым-қатынасының өзгеру тенденциялары байқалады. Балалар қоғамдастығы үлкендерден ішінара жасырын қала отырып, динамикалық түрде өзгереді. Балалар қазірдің өзінде құрдастарымен қарым-қатынас жасау үшін цифрлық құралдарды (гаджеттерді) көбірек пайдаланады. Коммуникациялық технологиялар «тірі» байланысқа қарағанда танымал бола бастады.

Кестенің деректеріне сүйене отырып, біз бастауыш мектеп кезеңі де маңызды өзгерістерге ұшырады деген қорытынды жасаймыз, мұнда оқу іс-әрекетінің орнына цифрлық ақпаратты іздеу жетекші іс-әрекет болуы мүмкін.

Яғни бұл процесс бастауыш мектеп жасындағы балаларды цифрлық тәуелділікке және ойлау процестерінің психологиялық бұрмалануына әкелуі мүмкін.

Кесте 1

Өмірдің бастапқы кезеңдеріндегі адам қызметінің жетекші түрлерін цифрландыру және трансформациялау.

Жас кезеңі (Д.Б.Эльконин бойынша периодизация)	Жетекші іс-әрекет	Цифрландыру мен трансформацияланудың формасы
Сәбилік кезең (0 - 1 жыл)	Тікелей-эмоционалды қарым-қатынас	Сандық құрылғылардың көмегімен баламен әрекетті немесе бос уақытты алмастыратын ата-аналармен эмоционалды қарым-қатынас
Ерте балалық шақ (1-3 жыл)	Субъектілік-манипуляциялық әрекет	Сандық құрылғыларды манипуляциялау

Мектепке дейінгі жас (3-7 жас)	Рөлді ойын	Компьютер ойындары. Интернеттен ойын мазмұнын шығару. Ұялы телефонды меңгеру.
